Әдебиет - ардың ісі

Ұш қоңыр

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ӘДЕБИЕТ, МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ ӨНЕР ГАЗЕТІ

Газет 2010 жылдың 19 наурызынан шыға бастады www.ush-k.kz №19 (281) 13 мамыр 2016 жыл

ТӘУЕЛСІЗ ҚАЗАҚСТАННЫҢ МЕРЕЙЛІ МЕЙРАМЫ

Оңтүстік Қазақстан облысының әкімі Бейбіт АТАМҚҰЛОВ Ұлы Отан соғысының ардагерлері, тыл еңбеккерлері мен облыс тұрғындарын Жеңіс күнімен құттықтады.

Құрметті Ұлы Отан соғысының ардагерлері!

Қадірлі тыл ардагерлері!

Қадірменді оңтүстікқазақстандықтар!

Сіздерді Тоғызыншы мамыр - Ұлы Жеңіс күні мерекесімен шын жүректен құттықтаймын!

Бұл мереке сандаған ұлттардың мейрамына айналды. Әлемдік тарих гитлершіл фашизмнің жер шарына салған соғыс өртін ешқашан сызып тастай алмайды.

Сондықтан да бұл тарихтан сөнбейтін, айтулы мереке біздің сан ғасырлық тарихымыздың өшпейтін бір тарауы, ажырамас бір бөлігі.

Халқымыздың басына түскен 30-шы жылдардағы зұлматтан кейінгі қазақтың басына түскен екінші бір сұрапыл қырғын Ұлы Отан соғысы болғандығы ақиқат.

Бұл соғыста біздің азаматтарымыз ерлік пен қаһармандықтың ең жоғары деңгейдегі үлгісін көрсетті.

Бұл екінші дүниежүзілік соғыс адамзат тарихында орасан қасіретімен таңбаланды.

Ұлы Жеңіс бізге оңайлықпен келмегенін тарихтан біліп, көзі тірі ардагерлерден естіп жүрміз.

Биылғы Ұлы Жеңіс мерекесі Тәуелсіздіктің жиырма бес жылдық белесімен орайлас келіп отыр.

Соғысқа Оңтүстік Қазақстаннан 140 мыңнан астам адам аттанып, олардың жартысына жуығы туған оралмадған. II Дүниежүзілік соғыста жанқиярлық ерлігі үшін оңтүстікқазақстандық 51 азаматқа Кеңес Одағының батыры атағы берілсе, 8-і «Даңқ» орденінің иегері атанды.

«Ерлік – елге мұра, ұрпаққа үлгі. Сұрапыл соғыс кезіндегі аға буынның қайсарлығы мен төзімділігі бүгінгі ұрпақтың санасында нағыз отансүйгіштіктің үлгісіндей болып қала бермек. Сан қатпарлы тарих қойнауына еніп кеткен ақтаңдақ жылдардағы ел азаматтарының жан аямас жаужүректілігі мен тыл еңбеккерлерінің ерен еңбектеріне біз әрдайым құрметпен бас иеміз.

Бүгінде от пен оқтың арасынан елге аман-сау оралған майдангерлердің 325, тылда тынымсыз тірлік жасағандардың 21 мыңнан астамы арамызда бар. Мемлекеттік саясаттың арқасында ардагерлерді әлеуметтік тұрғыда қорғау, қолдау шаралары жүйелі іске асып келеді.

Құрметті Ұлы Отан соғысының ардагерлері мен тыл еңбеккерлері!

Сіздер, Отанға қызмет етудің озық үлгісін көрсетіп, соғыстан кейін де аянбай еңбек еттіңіздер.

Жеңіс күні - көңілдеріңізге нұрлы шуақ ұялатып, жарқын қуаныштар әкелсін. Сіздерге мықты денсаулық, ұзақ ғұмыр, отбасыларыңызға амандық тілеймін!

Тәуелсіз Қазақстанның аспаны әрқашан ашық болсын!, – деді облыс әкімі.

Жалғасы 8-бетте

АЙТҚЫШ БОЛСАҢ, АҚТӨБЕГЕ КЕЛ!

Ақтөбе қаласында ҚР Тәуелсіздігінің 25 жылдығына орай «Айтқыштар Ақтөбеде» атты VII Республикалық әзіл-сықақ фестивалі шымылдығын айқара ашпақ.

–5 жылдан бері тоқтап қалған «АЙТҚЫШТАР АҚТӨБЕДЕ» атты Республикалық зіл-сықақ сайысы мамыр айының 19-20 өтетін болды. Бұл сайыс 2002 жылдан бері екі жылда бір рет өтіп келген еді. Кеше ғана Ақтөбеде Республикалық "БАЛАУСА" жастар мен студенттік театрлар сайысы дүркіреп өткен болатын. Енді ақтөбеліктер бұйырса тағы бір театрлар додасын тамашалайтын болады, – деді қуанышты хабарды жеткізген Т.Ахтанов атындағы Ақтөбе облыстық драма театрының директоры, ҚР Мәдениет қайраткері, газетіміздің жанашыр досы Нұрлыбек Жұбатқан.

Т.Ахтанов атындағы облыстық драма театры ұйымдастырып, облыс әкімдігі және облыстық мәдениет, мұрағаттар және құжаттама басқармасы құрылтайшылық ететін фестивальдің мақсаты: сатира және әзіл-сықақ жанрын жаңғырту және оның тұтастай жүйесін жасау. Облыстың мәдениетін өркендетуде қазақ тілін, әзіл мен сатира жанрын насихаттау, жастарға тәлім-тәрбие беруде қазақтың қалжыңын жетілдіру, әзіл-сықақ өнеріне үлкен үлес қосу. Халыққа танылмай жүрген жас таланттарды жарыққа шығарып, шығармашылық өнерлерін толықтыру. Қоғамда және өмірде белең алып жатқан келеңсіз әрекеттермен әзіл арқылы тынымсыз күресу.

Фестивальге еліміздің мәдениет және өнер мекемелерінен, оқу орындарынан және мәдениетіміздің әзіл-сықақ жанрын насихаттап жүрген 16 театрлар мен жеке орындаушылар қатысуға ниет білдіріп отыр.

Фестивальдің қазылар алқасының төрағалығына Халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының лауреаты, «Ара» газетінің бас редакторы Көпен Әмірбек шақырылды.

Фестиваль жеңімпаздары бас жүлде, I-орын (2), II-орын (2), III-орын (3) дипломдарымен, сонымен қатар, «Ең үздік сахналық көрініс», «Ең үздік авторлық шығарма», «Ең үздік ер адам бейнесі», «Ең үздік әйел адам бейнесі», «Ең үздік жеке орындаушы», «Көрермендер көзайымы» номинацияларымен марапатталады.

Фестивальдің салтанатты ашылуынан кейін кешкісін фестиваль қатысушыларына арнайы ҚР Мәдениет қайраткері Н.Жұбатқанның «Командос» сатиралық комедиясы сахналанбақ.

Фестиваль жеңімпаздары бас жүлде, I-орын (2), II-орын (2), III-орын (3) дипломдарымен, сонымен қатар, «Ең үздік сахналық көрініс», «Ең үздік авторлық шығарма», «Ең үздік ер адам бейнесі», «Ең үздік әйел адам бейнесі», «Ең үздік жеке орындаушы», «Көрермендер көзайымы» номинацияларымен марапатталып, соңы «Айтқыштар Ақтөбеде» Республикалық әзіл-сықақ фестивалінің галаконцертімен аяқталмақ.

Ал өнер көрсетуге ниет білдірген театрлар мен жеке орындаушыларға тоқталсақ, олар:

1) «Ара - Атырау» әзіл – сықақ театры (Атырау)
2) «Тамаша» әзіл – сықақ отауы (Қызылорда)
3) Ш.Құсайынов атындағы Ақмола музыкалық драма театры (Көкшетау)
4) «Штат Бостон» әзіл – сықақ театры (Маңғыстау)
5) «Достар - ай» әзіл – сықақ жастар отауы (Ақтөбе)
6) «Шапалақ» әзіл – сықақ театры (Алматы)
7) Жем қалалық мәдениет үйі (Ақтөбе)
8) «Тәуекел» әзіл – сықақ театры (Алматы)
9) Оңтүстік Қазақстан әзіл – сықақ және сатира театры (Шымкент)
10) «Керемет» әзіл – сықақ театры (Алматы)
11) «Талас таланттары» әзіл – сықақ театры (Тараз)
12) «Сол жүргенбіз...» әзіл отауы (Қазақ елі құрамасы)
13) Қ.А.Ясауи атындағы халықаралық қазақ – түрік университеті (Түркістан)
14) «Тәтәй» әзіл – сықақ отауы (Орал)
15) Жеке орындаушы Марғұлан Уали (Астана)
16) Жеке орындаушы Кәрімбаев Берік (Маңғыстау)

Ақтөбеге сатириктер Мұхтар Шерім мен Көпен Әмірбек келе жатыр...

ISSN 2306-9686

ЕРЛІКТІҢ ІЗІ МӘҢГІЛІК 2-бет

ОРАЛДА «МАЙДАН ӘНДЕРІ» МОНОСПЕКТАКЛІ ҚОЙЫЛДЫ 2-бет

«КҮЙ - ТӘҢІРДІҢ КҮБІРІ» 7-бет

ЕЛБАСЫНЫҢ ҮМІТІН АҚТАҒАН МӘРИЯ 8-бет

ҚАСІРЕТКЕ АЙНАЛҒАН АЛАПАТ ЖАРЫЛЫС

С.Жиенбаев атындағы облыстық жасөспірімдер кітапханасында Чернобыль атом элекр станциясында болған қайғылы жағдайға 30 жыл толуына орай «Қасіретке айналған алапат жарылыс» атты дөңгелек үстел өткізілді. Шараның мақсаты: Чернобыль апатының тарихын , апат салдарын жоюға аттанғандардың ерлігін өскелең ұрпаққа насихаттау.

Шара қонақтары болып Ақтөбе облыстық мәдениет, спорт және ақпарат қызметкерлері кәсіподағы комитетінің төрайымы Табылдинова Назира Сәрсембайқызы, «Чернобыль құрбандары» Ақтөбе облыстық қоғамдық бірлестігінің төрағасы Сатов Бақытжан Сейітқалиұлы, «Чернобыль құрбандары» қоғамдық бірлестігінің мүшелері: Бижанов Міржақып Орынбасарұлы, Избасов Нұрлыбек Тәжікұлы, Айталиев Ерболат, Сарсенбаев Қойлыбай.Ақтөбе облысының үкіметтік емес ұйымдар қауымдастығының президенті – Дуйсенова Айгүл Егізбайқызы, Ақтөбе облысының экология департаментінің маманы Жұбалиева Ғалия Қағазқызы, Ғ.Жұбанова атындағы облыстық филармония әншісі Еркебұлан Құмаров қатысты.

Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университетінің «жаратылыстану» факультетінің оқытушылары мен студенттері, №16 орта мектептің жоғары класс оқушылары шақырылды.

Дөңгелек үстел «Чернобыль апатының зардаптары» атты деректі фильм көрсетумен басталды. Сонымен қатар «Зардаптары толастамаған Чернобыль» слайды көрсетілді. Шараны жүргізуші – кітапхана қызметкері Бөлтекова Лаззат, Чернобыль апатының тарихына тоқталып, шараға орай ұйымдастырылған «Чернобыль апаты – ел есінде» кітап көрмесіне шолу жасады.

Шара барысында қайғылы оқиғаның зардаптарына куә болған жерлестеріміз өздерінің естеліктерімен бөлісті, қайғылы сәтте зардап шеккен жолдастарын еске алды. Чернобыль ардагері Бақытжан аға өз сөзінде жастарды Отан алдындағы борышына адал болуға шақырды. Әскердегі қатарластарымен жиі кездесіп тұратын олар мемлекеттің өздеріне жасап отырған жақсылығын тілге тиек етті.

Чернобыль апаты зардабын жоюға қатысушы ардагер ағалар: «Апат орнында бірінші болып жоюға кіріскен едік. Жаспыз, зардабы туралы ешнәрсе білмедік. Кейін сезіндік, аяқ-қолымыз сыздайтын болды. Қаншама құрдастарымыз опат болды. Жүректе қалған жара мәңгі жазылмайды», - деп ойларын айтты. Сарсенбаев Қойлыбай аға өз шығармашылығынан өлеңдерін оқып берді. Ақын өлеңдерін тыңдаған қонақтар мен жастар тебіреніс үстінде болды.

Назира Сәрсембайқызы мен Ғалия Қағазқызы ардагерлермен әңгімелесіп, пікір алысып отырды. Шараға қатысушы жастар: «Алғаш барғанда қандай көріністерге тап болдыңыздар?», «Радиация адамға ең алғаш қалай әсер етеді? Сіздер одан қалай қорғандыңыздар?», «Мемлекеттік тапсырманы орындау барысында ауыр дозадан қаза тапқандар болды ма?», «Мемлекет тарапынан сіздерге қандай жеңілдіктер көрсетіліп жатыр?» - деген сияқты сұрақтарын қойып, мазмұнды жауаптарын алды. Патриоттық әндер орындалып, өлең шумақтары оқылды.

Шара соңында кітапхана директоры Марат Төлебайұлы:

– Сіздердің еңбектеріңізді бағалау – біздің міндетіміз. Бүгінгі бас қосуда осы апаттың зардаптарын жоюға қатысқан, азаматтарға мықты денсаулық, қажымас қайрат, отбасыларыңызға береке, бірлік тілей келе, Тәуелсіз еліміздің өркендеуіне қосып келе жатқан үлестеріңіз үшін рахмет айтамын, – деп лебізін білдіре отырып, кітапхана атынан алғыс хат пен сыйлықтарын табыстады. Естелікке суретке түскен ардагерлер кітапхананың естелік дәптеріне қолтаңбаларын қалдырды.

Лаззат САҒЫНДЫҚҚЫЗЫ,
С.Жиенбаев атындағы облыстық жасөспірімдер кітапханасының бөлім меңгерушісі Ақтөбе қаласы

ТӘУЕЛСІЗ ЕЛДІҢ ШЫМЫР ЖАСТАРЫ

Сан ғасыр бұрын бабаларымыз аңсап өткен қасиетті де қастерлі Тәуелсіздігімізге биыл 25 жыл толып отыр. Халқымызға ғасырлар бойғы арман болған Тәуелсіздік – біздің Отанымыздың әрбір азаматы үшін қастерлі мереке. Осы орайда С.Жиенбаев атындағы Ақтөбе облыстық жасөспірімдер кітапханасы жастар мен жасөспірімдер арасында «Болашақты нұрландырған Тәуелсіздік» атты флешмоб ұйымдастырды. Аталмыш флешмобты өткізу арқылы кітапхана қызметкерлері жастардың бойына елжандылық, отансүйгіштік дәстүрді дарыту, патриоттық рухта тәрбиелеуді мақсат етті.

Шараға Ақтөбе облыстық мәдениет, мұрағаттар және құжаттама басқармасының бас маманы Төребаев Ардақ, қаламыздағы орта және арнаулы орта мектептерінің оқытушылары, колледж студенттері, №36, №47, №34, №16, №26 орта мектептің оқушылары, С.Жиенбаев атындағы облыстық жасөспірімдер кітапханасының директоры Төлебай Марат және кітапхана ұжымы қатысты.

Тәуелсіздік – ең басты құндылығымыз. Бұл күнге қан төгіссіз, бейбіт түрде қол жеткізіп, елімізді әлемнің өркениетті мемлекеттердің қатарына қосылды. Жиырма бес жыл ішінде тәуелсіз қазақ елін қалыптастырып, нарықтың қиын өткелдерінен аман өтіп келеміз.

Жастардың қатысуымен өткізілген флешмобты Ақтөбе облыстық мәдениет, мұрағаттар және құжаттама басқармасының бас маманы ашып, еліміздің Тәуелсіздік күні мерекесі халқымыздың сан ғасырлар бойғы азаттық жолындағы күресінің, сол жолдағы көрген азаптары мен қиындықтарының жадымызда жаңғырып, 25 жылда жеткен жетістеріміздің айшықты көрінетін мейрамы екенін айта келе, шараны ашық деп жариялады. Кітапхана директоры Марат Төлебайұлы өскелең ұрпақты елжандылыққа, туған жерді сүюге, сан ғасырлардан сүрінбей бізге жеткен тарихымызды құрметтеуге шақырды. Ел тәуелсіздігінің 25 жылдық мерекесімен құттықтап, жылы лебізін білдірді. Ғ.Жұбанова атындағы облыстық филармонияның әншісі,өзінің өнерімен өлкемізге танылып жүрген талант иесі Арман Төлесіновтың орындауында әсем әндер орындалды. Кітапхана қызметкерлері Кенжебаева Арайлым, Құрымбаева Лариса, Хамидуллина Бақтыгүл танымал қазақ ақындарының «Тәуелсіздік тірегім», Қазақ жері» т.б. Отан, Тәуелсіз Қазақстан туралы өлеңдерін оқыды.

Қазақстан жерін ежелден қоныстанып келе жатқан ел – қазақ халқы. Көптеген ғасырлар бойы ел басқарған дана басшыларымыз, қолбасшы батырларымыз кең-байтақ жерімізді сырттан төнген кәуіптен қорғап келді. Осы шара барысында кітапхана қызметкерлері еліміздің әр облысының картасын бір-біріне жымдастырып, біріктіріліп тұтас Қазақстанның картасын құрады.

Жастар патриоттық әндерге флешмоб биледі. Ақ, көк, және сары түсті футболка мен бейсболка киген жастардың қатысуымен өткен флешмоб «Тәуелсіздік – тірегім, елім деп соққан жүрегім», «Тәуелсіз ел – мәңгілік ел», «Тәуелсіздігің – тұғырың, егемендігің – елдігің» ұран сөздермен аяқталды.Одан кейін әуеге арнайы әзірленген түрлі-түсті шарлар ұшырылды.

Алтынгүл АСҚАРҚЫЗЫ,
С.Жиенбаев атындағы облыстық жасөспірімдер кітапханасының бөлім меңгерушісі Ақтөбе қаласы

ЕРЛІКТІҢ ІЗІ МӘҢГІЛІК

Қара жерге борай жауған қар өзі.
Ақыл, сезім, махаббаттың бәрі – өзі.
Баубек деген біле білсең, жас ұрпақ.
Қазағымның өр рухының – дәл өзі!
Б.ЖАҚЫП

Ұлы Жеңістің 71 жылдығы қарсаңында С.Бәйішев атындағы Ақтөбе облыстық әмбебап ғылыми кітапханасы жазушы, ақын, журналист Баубек Бұлқышевтың 100 жылдығына орай «Өмірге құштар өр тұлға» әдеби-патриоттық кешін ұйымдастырды.

Мақсаты – қалың оқырман қауымына жазушының өмірі мен шығармашылық жолын таныстырып, қаламгердің отаншылдыққа толы әдеби мол мұрасын насихаттау, Б.Бұлқышевтың шығармалары арқылы жас ұрпақты сөз асылын түсіне білуге, туған жерін, елін сүюге тәрбиелей отырып, ұлттық асыл құндылықтарымызды бойына сіңіру.

Шараны С.Бәйішев атындағы Ақтөбе университетінің студенті Нұрымжан Жұмағазиев жүргізіп, алғы сөзді кітапхананың бөлім меңгерушісі Рысжан Болашқызына берді. Ол оқырмандарға қаламгердің өмірі мен шығармашылығы туралы айта келе, қаламгердің соғыс кезінде жазған шығармаларының дені «Комсомольская правда» газетінде жарияланғаны, «Я хочу жить», «Жизнь принадлежит нам», «Коварство и любовь», «Письмо сыну Востока», «Слушай, Кавказ» және т.б. мақалаларын көрнекті жазушы Ғ.Мүсірепов қазақ тіліне аударып, «Социалистік Қазақстан» газетінде жарияланғаны туралы баяндап берді.

Бұл кеште фото-шежіре слайд, «Өмір сүргім келеді», «Баубек Бұлқышев» бейнематериалдары көрсетілсе, кітапханашы Нұрлыгүл Бердіғалиева «Ерліктің ізі мәңгілік» атты кітап көрмесіне библиографиялық шолу өткізіп, Б.Бұлқышевтың «Адамзатқа хат», «Жизнь принадлежит нам» және т.б. кітаптарымен таныстырып, Баубек Бұлқышев очерк, хаттармен қоса бірнеше өлең, В.В.Маяковскийден «Жолдас құстар, күттік сізді, сіздер үшін ұшпасқа не?», А.Бартодан «Лагерьде» сияқты аудармаларына тоқталып өтті.

Әдеби-патриоттық кеште «Руханият» клубының мүшелері Марат, Гүлімай, Гүлфайра, Жасұлан, Шахан секілді белсенді жастар өз ойларын ортаға салып, Б.Бұлқышевтың жарқын бейнесі, ерлігі, қалдырып кеткен шығармалары мәңгі жадымызда сақталатынын жеткізді.

Сонымен қатар, С.Бәйішев атындағы Ақтөбе университетінің студенттері Айгерім Мырзағұлова, Самал Санаева Б.Бұлқышевтың «Өмір мен өлім», «Мен өмір сүргім келеді», «Шығыс ұлына хат» публицистикалық очерктерін, Қ.Жұбанов атындағы АӨМУ-нің студенті Дариға Райсова «Досыма», «Тәтті жыр», «Жамбылға» атты өлеңдерін оқып берсе, мүгедектер қоғамының мүшесі Азамат Оразбаев жүрекжарды өлеңін арнады.

Кеш соңында «Ақтөбе қалалық сал ауруына шалдыққан азаматтарды қолдау орталығы» қоғамдық бірлестігінің атқарушы директоры Гүлмирам Сражова, жастарды қаламгердің баға жетпес мол мұраларын оқуға шақырса, «Жүректен жүрекке» еріктілер клубының мүшесі Асылзат Сержанова ақын Бауыржан Жақыптың «Баубек деген» атты арнауын мәнерлеп оқып берді.

«Менің бұл жазғандарым болашақта біздің осы ұлы күресімізді зерттеушілердің қолына түсіп, үлкен істердің кішкене бір тетігіне тиянақ болуға жараса, менде одан басқа арман да жоқ…»,- деп, Баубек Бұлқышев айтып кеткендей, бір қолына қару, бір қолына қалам ұстаған жауынгердің ерен ерлігі, өшпес әдеби мұрасы халқымен бірге мәңгі жасай бермек!

Рысжан ҚАРАҒҰЛОВА,
С.Бәйішев атындағы Ақтөбе облыстық әмбебап ғылыми кітапханасының бөлім меңгерушісі Ақтөбе қаласы

БАУЫРЖАН МОМЫШҰЛЫНЫҢ ӨМІРІНЕН ТЫҢ ДЕРЕКТЕР

Алматыда ҚР Ұлттық кітапханасында Жеңіс күніне орай «Өнегелі өмір» сериясынан «Бауыржан Момышұлы» туралы жаңа кітаптың тұсауы кесілді.

Жаңа басылым «Бауыржан Момышұлының мұрасы» қоғамдық қоры мен әл-Фараби атындағы қазақ ұлттық университетінің ықпалымен басылып шықты.

Ғылыми еңбекте батырдың ғылыми айналымға енгізілген өмірбаяны, мұрағат құжаттары, «Ұшқан ұя» ғұмырбаяндық романынан жас ұрпаққа тағылым боларлық үзінді, алуан түрлі таныс та бейтаныс фотосуреттер, ең бастысы бұрын еш жерде жарияланбаған естеліктер мен жазбалар топтастырылып отыр.

«Ғалымдар айтады, сөнген жұлдыздың жарығы миллион жылдарға жетеді деп. 30 жыл өтсе де атамыздың аты аталмаған күн жоқ. Себебі, ол халықтың жүрегінде, зердесінде болды. Бүгінгі тұсауы кесіліп отырған кітап атаға деген ілтипаттың бір бөлігі деп ойлаймын. Мен өзім оқыған, ұлым Ержан оқыған университет қабырғасында жасалып жатқан игілікті іс ұзағынан болсын. Оқырманы көп болсын. Мен жазушы, ақын емеспін. Жай қарапайым келінмін. Бір жағынан кімге кім келін болмай жатыр. Бір жерде апа, бір жерде Зәке деп құрметтесе, осының барлығы атаның құрметінің арқасы. Атасының кебісіне аяқ сұқпайтын, енесінің төсегіне отырмайтын келін болдым. Жаратқан ием Атамның қолына су құйып, шай қайнатып беруге мүмкіндік туғызды. Мені атақ-даңқ, марапаттан құдай сақтапты. Тек маңдайыма жазылған атақ Баукеңнің келіні деген сөз. Атама қызмет еткен аз ғана ғұмыр мен үшін үлкен академия болды», - деді Баукеңнің келіні Зейнеп Ахметова.

Отырыс барысында жиналған зиялы қауым өкілдері өздерінің өмірлерінде Бауыржан Момышұлымен бір сәттік кездесулерін естелік ретінде айтып берді.

ТҮРКІСТАНДА ҰЛЫ АҚЫН АБАЙДЫҢ КӨРМЕСІ АШЫЛДЫ

«Әзірет Сұлтан» мемлекеттік тарихи-мәдени қорық-мұражайында Абайдың «Жидебай-Бөрілі» тарихи-мәдени және әдеби-мемориалдық қорық-мұражайының ұйымдастыруымен «Ұлы дала елінің ұлы ақыны» тақырыбындағы көрме ашылды.

Көрмені «Әзірет Сұлтан» қорық-мұражайы директоры Ж.Әубәкір құттықтау сөзімен ашып, Семейден, Шыңғыстаудан келген музей ұжымына алғыс білдірді. Көрменің мақсаты ұлы тұлға - ақын ойшыл Абай (Ибраһим) Құнанбаевтың мұрасын, оның өмірі мен шығармашылығын, қоғамдық қызметін насихаттау.

Семей қаласының Мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің бастығы Б.Көпбайұлы Түркістандай киелі топыраққа табан тірегеніне қуанышты екендігін жеткізе келе, мұражайлар арасындағы байланыстың алдағы уақыттарда да дами беретіндігін атап өтіп, «Әзірет Сұлтан» мұражай ұжымына Семей қаласындағы тәуелсіздік монументі кәдесыйын ұсынды. Көрмені ыстық ықыласпен қарсы алған Түркістан жұртшылығы да өз лебіздерін білдіруден аянып қалмады. Мұражай директоры келген қонақтарға алғыс хатпен қатар, «Әзірет Сұлтан» қорық-мұражайы атынан «Тайқазанның» көшірме кәдесыйын, Семей қаласының Мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің бастығы Б.Көпбайұлына Қожа Ахмет Ясауидің мөрін естелік ретінде ұсынып, қонақтарға бабамыздың он бір Ахметтің есімі жазылған киелі мөрін бойтұмар ретінде тақты.

Көрмеге қатысқан қала әкімінің кеңесшісі Ж.Ибрагимов тілегінен кейін, қала әкімі Әліпбек Өсербаевтың алғыс хатын табыс етті. Сондай-ақ, көрмеге ақсақалдар кеңесінің мүшесі М.Дүйсекей және қаладағы этнопедагогикалық колледждің директоры А.Серім де өз тарапынан естелік сыйларды тарту етті. Көрменің ашылу салтанатын Т.Бигельдинов атындағы № 16 жалпы орта мектебінің оқушылары Абайдың қара сөздерін және өлеңдерін жатқа оқып, көпшілікті бір серпілтіп тастады. Көрмеге қала мектептері мен колледж студенттері, ата-аналар, зиялы қауым өкілдері қатысты.

ОРАЛДА «МАЙДАН ӘНДЕРІ» МОНОСПЕКТАКЛІ ҚОЙЫЛДЫ

Батыс Қазақстан облыстық қазақ драма театрында танымал актер, Қазақстан халық әртісі Тілектес Мейрамов «Майдан әндері» моноспектаклінде ойнады.

Белгілі жазушы-драматург Роллан Сейсенбаевтың шығармасы бойынша қойылған бұл спектакльдің (режиссері Ұлпан Серікболқызы) ерекшелігі, онда жалғыз актер соғыстан аман оралған сарбаз Садыр Байбарысовтың бейнесін сомдай білген. Бейбіт күнде отыз жылдан астам уақыт бойы ревизор қызметін атқарып келе жатқан Садыр қайда барса да, ішіп алса, майдан әндерін айтады. Түсінде көретіні сол сұрапыл соғыс. Қандыкөйлек досы Григорий Авиловтың оққа ұшқан сәті. Днепрде өткен түндер. Жаралы мерген арқалаған орыс қызының бейнесі, дауысы есінен кетер емес. Үйінде де салатыны сол әндер. Түннің шырқын бұзған майдангердің осы әндерінен әбден запы болған көрші орыс әйелі милиция шақыруға дейін барады. Осы әйелдің дауысы баяғы орыс қызын еске салады. Отан қорғап, от кешкен, талай ауыр сәттерді басынан өткізіп, жүйкесі әбден жұқарған қарт сарбаздың жан дүниесін көп ешкім түсіне бермейді. Моноспекталь соғыс салған лаңның ұзақ уақытқа дейін сейілмейтінін тағы бір ашып көрсетеді.

Қойылымды тамашалаған облыс әкімі Алтай Көлгінов Қазақстан халық әртісі Т.Мейрамовқа Ақ Жайық жұртшылығы атынан ризашылығын білдіріп, алғысхат табыс етті.

Айта кетейік, бұл моноспектакль Жеңістің 70 жылдығына орай өткен жылы Қ.Қуанышбаев атындағы мемлекеттік академиялық қазақ музыкалық драма театрында қойылған болатын.

(Соңы. Басы өткен сандарда.)

ӘДЕП ӘЛЕМІ ЖӘНЕ ЖУРНАЛИСТИКА

БІЗ ӨЗІМІЗДІ ДАСТАРҚАН БАСЫНДА ҚАЛАЙ ҰСТАЙМЫЗ, ҚАЛАЙ СӨЙЛЕП, ҚАЛАЙ ОЙНАП-КҮЛЕМІЗ?

«… Вообще-то мен сөзімді орысша сөйлеуші едім. Но қазір тосымды қазақша айтамын. Алмабай мне как друг, бір жағынан брат, әйелі жағынан – сват. Я, Алмабай, сені қатты уважаю. Кеше Маруся звонить еткен соң бүгін сенің 41 жасқа толған юбилейіне подружкаммен келіп тұрмын. Ну, что тебе пожелать, саған основной нәрсе – море бақыт, долгий өмір, мықты денсаулық тілеймін. Конечно, бала-шағаң көп болсын. Қазір өмір сүру трудно, бірақ сенің күшің бар, дерзай. Сені постоянно телевизордан көріп тұрамыз. Сен уже звездасың. Жарқырай бер, гори-гори ясно. Елуге келіп еңсеріп, алпысыңда Англияда демалып, жетпісіңде тағы бір женись, сексеніңде селкілдемей, тоқсаныңда торт жеп, жүз жасыңда бренди іш». Бүгінгі грандиозный тойға подружкам екеуміз домашный кинотеатр әкелдік, от чистого сердца қабыл ал!»

Жұрттың бәрі келіншектің тілекті ана тілінде айтқанына «мәз болысып», алақандарын қуана соқты.

/Саят Қамшыгер: «Тойдағы тілек»/

Не түсіндік?

Әрмен кеттік.

Бірінші тілек /тост/:

«… Сара, саған тілерім, ұзақ өмір, көктемдей сұлулық, жаздай ыстық махаббат, күздей асыл байлық, аппақ қыстай кіршіксіз көңіл және «Өмір» атты қиын да қызықты дүниеден тек «Бақыт» атты гүл шоғын сыйлаймын…»

Екінші тілек:

«Сара, саған тілер тілегім толып жатыр. Аңсаған арманыңа жетіп, қалаған оқуыңа түсіп, ата-анаңның борышын ақта…»

Үшінші тілек:

«Өмірде бақытты, қажымас қайрат, талмас қанат, ашық аспан, мөлдір махаббат, қалаған мамандығыңның иесі болуыңа тілектеспін…»

Төртінші тілек:

«Менің саған тілерім, Сара, ұзақ өмір, мол бақыт, қажымас қайрат, талмас қанат, арман деген асыл мұратыңа, махаббат деген бағалы мақсатыңа, өмір деген іңкәр үмітіңе жетуіңе және аспан ашық боп…»

Бесінші тілек:

«… Саған тілерім, Сара, зор денсаулық, мол бақыт, қажымас қайрат, талмас қанат тілеймін. Сүйгеніңе қосылып, сүйіктіңнің сүйкімдісі бол…»

Алтыншы тілек:

«Мен саған зор денсаулық, қажымас қайрат, талмас қанат… ұзақ өмір, мол бақыт, ашық аспан, шат күлкі, мөлдір махаббат, таусылмас арман, таудай талап, оқуда озат және құдай қосқан қосағыңмен бірге бол. Қысқасы, мен саған зор денсаулық, мол бақыт, қажымас қайрат, аспаның ашық, жолың жазық болуын тілей отырып, бақытыңа нұр жаусын деймін».

Шәкірттер, дастарқан басында ақ тілек айтушыдан ешкім де шешендік талап етпейді. Дұрысы, әркімнің өз сөзі, өз сезімі, өз тілегі… Пікір айтайық.

Біз қай тілде хат жазысып жүрміз?

«Муратик, саған много уақыт хат жаза алмадым. Потому что, қол тимеді. Прямо, уақыт жоқ, понимаешь? Знаешь, ғапу прошу.

Особенно қазір осень влияет. Күзгі сарғыш жапырақтардай көп нәрсені сағынамын. Ауылды ойлаймын, сені тоже. Смыслын басқаға ауып кетпе? Сен ауылда таныстырған жерлесің бар ғой, ә, Булат, прямо өзі қызық жігіт екен. Қасымдағы қыздар бәріміз оны бір күн көрмесек, просто скучно. Четвергте қара теңізге шомылдық. Ой, как там было весело! Субботада базарда сауда жасадық. Алматыдан келген бір журналист аға сауда жасап тұрған мені көріп, жайымды сұрады. Мен қатты ұялып, аптасына 50-70 доллар табатынымды айттым. Просто, ұялып қашқақтай бердім.

Недавно бір подругамның именисін өткіздік. Мен танец «животаны» биледім. Мұндай вечерде, конечно, өлең пели и аздап пили. Ал түнге кешкі Стамбул көріністерін тамашалап, үйге әзер қайттым. Сен туралы скучать етіп жүрмін. Просто не знаю, осы хатты поэтому жазып отырмын. Пожалуй, ертең некогда. Арғы күнге приглашением бар. Скоро ВУЗ-да фестиваль өтеді. Фестивальда занят болам. Сен, Муратик, почаще маған хат жаза бер, жаза бер.

Стамбул». /Қолға түскен хат/

Не түсіндік?

Тағы да дастарқан. Тілек, тілек.

Дастарқан басында кім болмайды: батагөй қария да, ақ жаулықты ана да, бетінен иманы тамған келін де, ибалы іні-қарындас, шәкірттер де. Оған-бұған ұрынып, той-қызықтың шырқын бұзатын телі-тентек те сонда. Той-қызықтың шырқының бұзылуы, ия, көбіне-көп солардан.

Сөз орайында, бір сәт ақылды ақын Қадыр Мырза Әлидің сұқ саусағына көз салайық.

… Қалжыңдалық,
Қатты-қатты ойналық.
Күлгенді де,
Ілгенді де қоймалық.
Қай-қай сөз де айту үшін жаралған,
Бірақ соны айтқан абзал ойланып!

Дастарқанда,
Клубтарда,
Бақтарда,
Сырым мол деп,
Сырыңды мол ақтарма.
Отырғанда алаяқтың жанында
Түлкі жайлы мысалдарға көп барма.

Қанішермен ерегіспе,
Кектеспе.
Әділдіктің жолын және көп кеспе.
Өзі отырып келген жанға –
Қайтесің –
Түрме менен сала берме сотты еске!

Өз ақылын қойған адам күзетке
Бәрін ұғар,
Бәрін байқар мезетте.

Перзенті жоқ ата-ананың алдында
Көп балалы үй жөнінде сөз етпе!

Ойда болсын,
Есте жүрсін мәңгіге:
Тұлпар жайлы сөз жақпайды әңгіге.
Ағайыны өлген үйде асылып,
Арқан жайлы айтылмайды әңгіме.

Осы сөзді,
Осы ақылды ал естіп.
Атам менің сөйлер еді дәл өстіп.
Бәйбішесі қалған үйде қартайып,
Тоқал жайлы сөз қозғасаң – әбестік!

Жақсыны да,
Жаманды да тапты ана,
Жөнімен айт,
Жөн-жосықсыз даттама.
Түсіп қалған бастығының көзінше
Жаңа келген бастығыңды мақтама.

Не демейді құрдасына құрдасы!
Жаман кейде кейбір сөздің бұрмасы.
… Бір орманның кетуіне өртеніп,
Жетіп жатыр сіріңкенің бір басы!

Әр той-қызықтың, әр дастарқанның өз тақырыбы бар. Қандай тақырыптағы дастарқан болса да ажар-көркі – көңілді әңгіме, күлкі. Күле, күлдіре білеміз бе? Баспасөз не дейді?

«… Әй, ботқа бет, бері кел. Пай-пай, мына жарты гектар бетті ауырсынбай қалай көтеріп жүрсің-ей? Ха-ха-ха!»

«… Сөйтіп коммерсант болып кеттім де, заводты тастап… Әй, сен бір диірменге түссең бүтін шығатындардың бірісің ғой. Бірақ өлмейсің, сені ана қара қатының өлтірмейді. Жердің түбіне түсіп кетсең де құлағыңнан тартып шығарады. Пысық қой қара қатының…»

/Орынтай Көмеков. Қалжыңдаса білеміз бе? «Әділет» газеті, 12.03.1993ж./

Біз қазақ тілін бүлдіріп жүрміз
Дүние жүзінде 6000-ға жуық тіл болса,
оның ішінде үш ұлы тіл бар –
француз тілі, орыс тілі,қазақ тілі.
Академик Радлов
/С. Қали. «Ұлан», 24.04.2001 ж./

Адамның бұзылуы оның тілінің
шұбарлығынан басталады.
Р. Эмерсон

Тіл – қай заманда да әр халықтың айнасы. Орыс тілінің тазалығы үшін кезінде Лев Толстой талай шырылдаған. Ленин ше? Міне: «Біз орыс тілін бүлдіріп жүрміз. Шет ел сөздерін орынсыз қолдана береміз. Кемістіктер, кемшіліктер немесе олқылықтар деуге бола тұрса да «дефектілер» деудің не қажеті бар?» /Толық шығармалар жинағы, 40-том, 52-бет/.

Тағы бір сөзінде Ленин: орыстың қоздыру, мазалау, ояту мағынасын беретін «будировать» деген сықылды сөзі тұрғанда, французздың ашулану, бұртаңдау мағынасындағы сөзін қыстырудың қажеті қанша дейді.

Қазақ тілінің тазалығын Абай атамыз айналып өтті ме?

… Бөтен сөзбен былғанса сөз арасы,
Ол – ақынның білімсіз бишарасы.

Тіл мәселесі, тіл тазалығы «Дала уалаяты», «Түркістан уалаятында» да аз айтылмапты. Қазір ше?

Барлық басылымдар, әсіресе «Ана тілі» бысылымы ылғи шыр-пыр.

«… Қазақшаға орысша араластырып немесе қазақшаға мүлдем тілі келмей жатқан студенттерді көргенде қатты таң қалдым. Өздері қазақша әрең-әрең сөйлеп тұрған олар ертең қазақ мектебінде қазақ тілінен қалай сабақ береді?» /Айжан Кесебаева. Обалы кімге? «Жас Алаш», №118, 4.10.2005 ж/.

Екі сөзіміздің бірі – «свежий». Сол свежий сөзінің 80-нен астам баламасы бар бола тұра «свежийден» неге айрылмай қойдық? Тіліміз сол свежий сияқты басқа да сөздермен әбден былықты.

Әркімдердің ауызынан құлағым шалған, бірді-екілісі өзімнің ауызымнан ұшып шыққан бұндай қисайған-мисайған сөздер менің дәптерімнен де табылып қалады. Бастадық.

Мәшін, терренкур /терең көр емес/. Бұл екі тілдің қосындысы. Алғашқы жартысы – французздың жер, орын деген мағынадағы сөзі. Екінші жартысы – кур. Немісше. Мағынасы емдеу. Сонда терренкурымыз емдейтін, сауықтыратын жер, орын деген сөз екен. Сирек кездесетін термин болғандықтан әдейі тоқталдық. Смотри /ты смотри/, обстоятельство, выход, голубчик, золотой /мой золотой/, охран, охрана, баран, дармоед, инсульт, инфаркт, сантехник, ксерокс, зараза, кашалок, кашмара, резюме, перерасход, союз /союздың кезінде/, дневальный, обжора, диктовка, туалет, пока, ремень, ремонт, надоело, концовка, комуслуг, клиент, командировка, канцелярия, комментарий, ужас, ужасно, служебный /служебный телефон/, кончай /кончаймаймын/, офис, наоборот, календарь /күнтізбе, күнпарақ/, добро, доброе утро, добрый день, добрый вечер, спокойной ночи, кредит, сандал, сандалик, визитка, остановка, дача /саяжай деп жүрміз/, пляж /жағажай деп жүрміз/, дежурный, будка, самопал, мигайт /шам мигайт етіп тұр/, подарка, гостиница, чао, в натуре, отвечаю, базара нет, сдвиг /сдвиг жоқ/, изоляция, подставка, настольный, чмо, укол, уполномочие, удовольствие, режім, вождизм, детсад, садик, версия, электорат, промоутер, экстремизм, реквизит, бутафор, момент, гольф, астма, бруцеллез, геморрой, ожог, паралич, паразит, радикулит, рак, матизм, диабет /сахарный диабет/, язва, удобно, неудобно, каприз, частный, честное слово, ей богу, многоэтажка /многоэтажкадан үй алды/, крутой, аллергия, блин, острый /маған бұрыш араласқан острый тамақ жеуге болмайды дейміз/, каридор, мораторий, каша, суп, уточнить, морозильник, чепуха, массаж, участок, участковый, враш, пассажир, повар, слабость, ерунда, казенный, котлован, подвал, курортное место, душ, умывальник, әшки, пекарный, грузовик, все, бесполезно, спикулянт, зубочистка, даром /даром алмаймын/, авария, криминал, кризис, критический, момент, баклашка, напарник, подруга, зараза, природа, водитель, идеал, идеальный, лампошка, лепешка, булочка /бөлкей/, магазин, роддом, көкне /кухня/, мощный, состоятельный, показуха, настроение, рок, поп, шоу, рокер, брок, полотенца, салфетка, энергия, проходной, проходимец, тротуар, привет, пока, помогайт /қолыңнан келсе помогайт ет/, операция, желудок, браконьер, званок, детектив, ночной клуб /жынойнақ/, псих, овчарка, блин, застой, платный /мыс. платныйға түсіпті/, капот, водовоз, кантор, завклуб, завмаг, заявка, завсклад, интрига, интригант /мыс. ол барып тұрған оңбаған, интригант адам/, свинья, идиот, школ, здан /здан үй/, керуха, зам, карьера, округ, объект, объектив, субъект, тезист, бизнес, округ, медицина, какраз, замыкание, лампошка, отменить, ипотека, сертификат, инновация, одурел /а/, дура, дурак, дурной, сотовый, иммунитет, собрание, пигмент, ультрадыбыс, окурка, ряд, рядом, проездной, ведомость\мыс. ақшаны ведомыспен беріп жатыр/, строго, пропал, звандау, зажигалка, спишка /сіріңке, шырпы, күкірт, т.б./, банкрот, скорый /скорый поезд, скорая помощь/, инкассатор, секция, диаспора, школ, бронь, заказ, обгон, байкот, и так та/ онсыз да/, аппарат, пар /ыстық пар, бу/, подушка, конечно, нарушать, виноват /өздері виноват/, тройник, пост /посткеңестік/, рупор, формация, банк, банкир, киллер, трагедия, трибуна, бартер, капризный, ненормальный, шарлатан, ничего /ничего, пойдет/, подойдет, аргумент, факт, овыш, находка, находок /стол находок/, порядок, закон, варенье /мыс. биыл варенье қайната алмадым/, где то, что то, что бы, пешеход, простыня, грелка, посуда, покуда, завтрак, прямо, ну прямо, кавалер, необходимо, пахан, пробка, индеец, картошке, капченный, жареный, жаропонижающий, стоп, стопкран, наушник, вечер, необходимо, действительно, случайно, валюта, континенталь, безвыходное положение, хирургия /грек тілінен/, педиатрия, оперативка, олимпийка, трусы, шортик, шутник, заинтересован, шантаж, двухкомнатный, двухспальный, туберкулез /құрт ауру/, туберкулезная палочка, награда, лауреат, ясно, понятно т.б.

Бұлардың сыртында айтуға ауыз бармайтын былғаныш сөздер қаншама!

Біз, қазіргі қазақтар қазақ тілін бүлдіріп жүрміз. Әріге бармай-ақ көпшілік көліктеріндегі қайсыбір «қақсауық» жолсеріктердің дауыстарына назар салып көрейікші. «Следущий остановка Абая-Гагарина. «Остановка Абая…»

/Жалғасы бар/.

Тапсырма

Әдеп әлемі және журналистік шығармашылық
(Тақырыптар)
Той (Дарқандық және дарақылық. Норма).
Оң аяқ (Ырым. Жақсылықты шақыру).
Ақ босаға (Ұлттық салт-дәстүр. Әдеп).
Шашу (Қуаныш. Тәубә, шүкіршілік. Норма).
Ыстық ықылас (Ниет тазалығы. Иман).
«Ішіме сиған бала…» (Намыс. Жалған намыс. Әдеп. Иман).
Жыртыс (Ұлттық үрдіс. Моральдық-этикалық мән-жай).
Қалау (Моральдық-этикалық мән-жай. Норма).
«Торғай екеш торғай да…» (Тастанды балалар тағдыры).
Кешірім (Принцип және этикалық норма).
Алғыс алдыңыз ба? (Мораль. Әдеп).
Өкініш (Мораль: ой, ойлау, сабақ).
Сынға қалайсыз? (Мораль: әдеп, норма).
Әулетіміздің альбомы (Мораль: мұрағатқа мұқияттылық. Өткен-кеткенге ізет, құрмет, ілтипат).
Қабырғада қаптаған сурет… (Талғам. Иман. Әдеп).
«Біздің жұмысымыз емес…» (Мораль. Иман. Әдеп.т.б.).
«Бетті бастым, тура қаштым…» (Сахна мәдениеті).
Қуанышымызға ортақ болыңыз… (Мораль: жан-дүние тазалығы және іштарлық т.б.).
«Араша, батыр, араша» (Әдеп. Иман. Норма).
Біз жатақханада жатамыз (Отаншылдық сезім. Әдеп).
Интернат… Интернат… (Қасаң ой және түсінік).
«Бір нәзік сәуле…» (Нәзік сезім. Иман.Әдеп т.б.).
«Туған күніңізбен…» (Әдеп және норма т.б.).
«Әжептәуір ән еді…» (Білім. Білік. Әдеп т.б.).
Мөлдір аспан (Моральдық тазалық. Әдеп т.б.).
Біз тұратын көше (Білім. Білік. Ізет. Құрмет т.б.).
Іштегі қоңырау (Әдеп. Норма. Тәубе т.б.).
Мен Алматыда тұрамын (Отаншылдық сезім. Әдеп т.б.).
Менің атым – Алпамыс. (Ат тергеу. Ізет. Құрмет т.б.)
Аталық сұрау айып па? (Тек, тектілік. Әдеп т.б.)
Ауыл сұрау айып па? (Тосын ой, тосын пікір. Әдеп).
Автобустағы айқай-шу (Жүріс-тұрыс әдебі).
Сіздің орныңыз қай қатарда? (Жүріс-тұрыс әдебі).
Құлағым сізде… (Әңгіме-дүкен әдебі).
Сөзіңіз аузыңызда… (Әңгіме-дүкен әдебі).
«Хатыңызды алдық…» (Хатқа жауап. Әдеп).
«Ол кісі өзінде жоқ» (Автор қабылдау әдебі).
Тост (Тілек. Жылы сөз. Шырай шығару әдебі т.б.).
Жыбыр-жыбыр (Басылымдарды безендіру мәдениеті. Оқырманға ізет, құрмет, ілтипат т.б.).
«Иат-ай, иат-ай!..» (Баланың тілі).

(Жалғасы бар)

ЖЕТПІС ТОҒЫЗДЫҢ ТОЛҚУЫ

немесе Қазаққа қиянат

1979 жылы Ақмола облысының Ерейментау өңіріне «Неміс автоно миясын құру туралы» Мәскеудің шешімі шықты. Сол тұста КСРО бойынша шамамен 2 миллион неміс болған. Соның 1 миллионнан астамы Қазақстанда тұрған. Сондықтан да қазақ жерінің дәл ортасынан неміс автономиясын құру туралы шешімді орталық қолай көрген. Оны іске асыру үшін жұмыс тобы құрылған. Оны КСРО Мемлекеттік қауіпсіздік комитетінің басшысы Ю.В.Андропов басқарған.

Автономияның орталығы ретінде таңдап алынған Ақмола облысы Ерейментау қаласына ҚазССР Компартиясының екінші хатшысы А.Коркин бастаған делегация келіп: «Мына жерге неміс автономиясы орнайды, оған басшы болып Краснознамен ауданының бірінші хатшысы Андрей Браун сайланады» деп мәлімдеме жасайды. Осыдан кейін ба¬рып қарсы толқу 1979 жылғы 13 мамырда бұрынғы Целиноград қаласында басталды.

Өз басым осы оқиғаны көзбен көрген куәгерлердің бірімін. Қаладағы «Целинглав¬снаб» аймақтық басқармасының есептеу техникалық бөлімінде аға инженер болып қызмет атқаратын едім. Бұл мекеме солтүстік алты облысты қамтамасыз ететін үлкен құрылым еді. Тек Есептеу орталығының өзінде 100 астам жоғары білімді жас инженер қазақ кадрлары жұмыс істедік.

Маусымның 14-күні С.Сейфуллин атындағы Целиноград пединститутының фи¬зика факультетінде оқитын Бархыт Нәкенова дейтін студент қыз қасында екі досы бар біздің үйге келді. Олар: «Бізге көмектесетін жоғары білімді, ұлттың тағдырына жаны ашитын, ақылды интеллигенция керек. Қазақстан жеріне «Неміс автономиясын құру туралы» заңсыз шешім шығып жатыр, біз оны мүлде болдырмауға атсалысуымыз қажет», – деді. Онымен қоса ұстаздары ұлтжанды азамат Баянбай Хұсайыновтың сәлемін жеткізді. Қолдарында екі тілде жазылған листовкалар бар екен. Осыларды тезірек көбейтіп, тарату керек екенін айтты.

Олардың айтқандарын саралап, листовкаларды мұқият оқып шықтым да, қашанғы әдетім бойынша әкеммен ақылдасып алуды жөн көрдім. Шұғыл түрде қаладан 18 шақырым жердегі туған үйіме бет алдым. Студенттер шығарып салды. Әкем: «бағыттарың дұрыс, сендерді қолдаймын», деді. Кетерімде, қарашаңырақ иесі Мұқат ағама: «қарындасыңды Кировқа дейін шығарып сал, жұмыстарын жүргізсін... қазақтың жерін талапайға түсіріп жүрген кімдер... жол бермеу керек!» дегенді қайталап айтты.

Үйге келген соң листовкаларды көшіріп, көбейтіп алып, бірнешеуін жұмысқа алып бардым. Тікелей бастығым Болат Ғаниұлы Әжібаевқа мән-жайды түсіндірдім. Ол кісі құптаған сыңай танытып: «байқа, сені күзде Алматыға Нархоздың арнаулы экономикалық жоспарлау мен перспективалық болжам факультетіне бір жылдық оқуға жібергелі отырғанымызды ұмытпа, үлкен басшылар біліп қойса, саған қиын болып жүрер, сақ бол!» деп ескертті.

Осылай іске кірістік. Жұртты алаңға шығуға шақырған листовкаларды қазақтар тығыз қоныстанған жерлерге таратып, өзіміз жақсы білетін адамдардың қалалық телефон анықтамалықтарындағы әдірестері бойынша есіктеріне жапсырып, кейбіреулерін почта жәшіктеріне салдық.

Қазақ және орыс тілдерінде «Қазақстан – біртұтас байтақ ел!», «Қазақстан бөлінбейді!», «Қазақ жерінде неміс автономиясы болма¬сын!», «Советский народ в Казахстане будет жить без внутренних границ!», т.б. транспо¬ранттар мен лозунгілер дайындадық.

Содан 16 маусым күні қаланың Ленин атындағы алаңына (қазіргі Астана қаласы әкімдігі орналасқан ғимараттың алды) 2,5 мыңдай халық жиналып, қарсылық митингісі өтті. Облыс, қала басшылары мұндай оқиға болады деп күтпеген болуы керек. Көзі оттай жанған бір жас жігіт жалындатып сөйледі. Алаңға облыстың екінші хатшысы Зейнолла Шайдаров келіп, жиналған көпшілікке басу айтты. Ол кісінің сөзіне қанағаттанбаған шерушілер бүкілхалықтық шеру болатынын мәлімдеді.

Шеруге қатысушылар 19 маусым күні қайта алаңға шықты. Бұл жолы 6 мыңға жуық халық қатысты. Оның құрамында барлық топтың адамдары болды. Көбі студент жастар, еңбек ардагерлері, жұмысшылар, интеллигенция өкілдері, Ерейментау, Сілеті, Целиноград, Атбасар, Қорғалжын аудандары мен

Павлодар, Көкшетау, Қарағанды облыстарынан ұйымдасқан түрде адамдар келді. Олардың ішінде басқа ұлт өкілдері: орыс, украйн, татар, немістердің өздері де көп болды.

Павлодар облысы мен Ерейментаудан келген шерушілер Қазақстан тарихының 5 томдығы мен Абайдың кітабын кеуделеріне ұстап алып жүрді. Мұхан Шаменов деген ақмолалық қарт қолына Қазақ ССР-нің Кон¬ституциясын ұстап тұрып, аталмыш шешімнің қате екенін дәлелдеп сөйледі.

Шеруге шыққан нөпір халық облыстық бюро мүшелерімен қоса обкомның бірінші хатшысы Н.Е.Морозовтың өзін шақыртып, мінберге шығып, мән-жайды түсіндірсін, деп талап қойды. Обкомның бірінші хатшысы амалсыз халықтың алдына шығып, сөз айтуға тура келді. Мәнді сөз де айта алмады. АҚШ пен КСРО арасында стратегиялық шартқа қол қойылып жатқанын, оның еліміз үшін аса маңызды екенін қайталаумен болды. Халық болса, жоғарыдағы шешімнің күшін жоюын талап етіп, тұрып алды.

Осындай арпалысқан сәттерде ұлты неміс таныс азаматтар Екатерина Поповичева, Эмма апай, әке-шешемнің досы Альберт Кинас, өзімнің туған ағамдай болған азамат Кондрат Вагнер және Киров ауылдық егіс бригадасының механизаторы Иван Нахтигал, Краснознамен ауданының бірінші хат¬шысы Андрей Браунның келіні Лена Браун, ұлты кәріс Лилия Син, латыш Зинаида Деревянколар орталықтың шешіміне қарсылық көрсетіп, кейбірі өздерімен бірге туыс-туғандарын, қызметкер-жұмысшыларын алаңға алып шықты.

Сол күндері Кондрат Вагнер аға: «Біздер бұл шешімге қарсымыз, 1941 жылдары қиындықпен жер ауып келгенде қазақтар бізді бауырына басты. Қазақтар болмағанда бүгінгі немістердің тірі қалуы екіталай еді. Енді келіп қай бетімізбен автономия сұрамақпыз. Қазаққа қиянат жасағанды құдай кешірмейді! Қазақстаннан шаңырақ сұрауға хақымыз жоқ. Егерде ұлы орыс халқы шынымен немістерге автономия бергісі келсе олардың тарихи отаны Повольжеден берсін! Әйтпесе, автономия береміз деп, неміс халқын қазаққа қарсы қоюды тоқтатсын!» деді. Осы азамат 1999 жылы бұрынғы атажұрты Германияға біржола қоныс аударып кетті.

Отыз жыл бұрынғы Ақмола оқиғасының еш ушықпай қазақ халқының пайдасына шешілгені немістермен қатар басқа ұлттардың да халқымызға дем беруінің арқасы. Бүкілхалықтық наразылықтың нәтижесінде КОКП ОК бюросы өз шешімін өзгертуіне тура келді. Осылай Ақмола облысында Неміс автономиясын құру жөніндегі шешім іске аспай қалды.

Майра КЕРЕЙБАЕВА

ӘКІМ ЕСЕП БЕРДІ

Жуырда Алматы облысы, Жамбыл ауданының әкімі Ж.Далабаев аудан орталығы Ұзынағаш ауылындағы орталық кітапхананың мәжіліс залында БАҚ өкілдері алдында брифинг беріп, баспасөз конференциясын өткізді.

– Биылғы жылдың ерекше жыл екенін білесіздер, – деп бастады сөзін әкім. – Ел Тәуелсіздігінің 25 жылдық мерекесі. Жыл басынан Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың бес институттық реформаны жүзеге асыруға бағытталған «Ұлт жоспары-100 қадам баршаға арналған қазіргі заманғы мемлекет» атты іс-қимыл жоспарын орындаудың практикалық кезеңі басталды.

Ұлт жоспарын жүзеге асыру Қазақстанның 30 көшбасшы ұлттың қатарынан орын алуына жол ашады.

Аудан әкімдерінің құзіретіне 100 қадамның 57 қадамы кіреді. Бүгінгі күні олардың 48-ін іске асыру шаралары басталды, ал 9-ы бойынша дайындық жұмыстары жүргізілуде.

Аудан 2015 жылды жақсы нәтижелермен аяқтады, негізінен алға қойған міндеттер табысты орындалды. Биылғы жылдың бірінші тоқсаны қорытындысында экономикадағы өсім қарқыны сақталуда.

Көпшілікке қызықты жер қатынастары жайында аудан басшысы былай деді:

– 35, 36-қадамдарға сәйкес, ауыл шаруашылығы бағытындағы жерлерді нарықтық айналымға енгізу үшін түгендеу жүргізілді, оларды пайдаланудың мониторингін жүргізу үшін электрондық Жер картасы әзірленді.

Нәтижесінде аудан бойынша пайдаланылмайтын 36,1 мың га жер телімдері анықталды.

Жүргізілген жұмыстар нәтижесінде 561 га жер пайдаланыла бастады, 3070 га жер мемлекетке қайтарылды, иесіз 32469 га жер бойынша материалдар мемлекет меншігіне қайтару үшін сотқа беріледі.

Ауданда 30-ға жуық этнос өкілдері тұрады, 3 этномәдени бірлестіктер жұмыс жасайды.

Осылайша Ұлт жоспарын орындау жөніндегі жұмыстарының негізгі бағыттарына тоқталған әкім Алматы облысы бойынша алғаш рет журналистер алдында есеп беріп, қойылған сұрақтарға жауап берді.

Брифингке әкімдік қызметкерлері, мәслихат депутаттары қатысты. Жақсы бастаманы енді зге аудан әкімдері жалғастырмақ.

ҚҰЛДЫҚ ПИҒЫЛ – ҰЛТТЫҚ ДЕРТ

(Жалғасы. Басы өткен сандарда.)

Сапабек ӘСІПҰЛЫ

Ыбырай Алтынсарин 1880 жылдың қаңтарында жарияланған бір мақаласында қазақтардың орасан көп теріні, жүнді, тоқ майды орыс, татар, бұхар саудагерлеріне өте арзан бағамен сатып, кейін олардан жасалған бұйымдарды тым қымбатқа сатып алатынын айта келіп, сол шикізатты өзіміз өңдей білмейтінімізді, көп жерлерде кірпіш күйдіріп, үй салу да қолымыздан келмейтінін үлкен өкінішпен жазып еді. Торғайда қолөнер училищесін ашқандағы негізгі мақсаты да сол – туған халқына адам тіршілігі үшін аса кажетті өнердің бәрін үйретпекші болған.

Содан бері бір ғасырдан астам уақыт өтті. Адамзат жер-ана бесігінен шығып, ғарышпен араға жол салып алды. Біз, қазақ, жер қойнына кіріп оның қазынасын қаншама көп шығарсақ та оны еңдеуді үйрене алмадық. Үйренбейік, өндейтін кәсіпорындарын салмайық деген жоқпыз. Жаңа империялық өкімет қолымызды жеткізбеді. Жүн мен тері де дәл солай тегін есепті кетіп жатты. Дайын өнімдерді әлденеше қымбатқа алып келгенімізді айтпасам да бүкіл ел біледі. Мұның сыртында мыңдаған тонна жүн, миллиондаған тері жеке адамдардың қоймаларында күйеге жем болып, шіріп жатыр. Сол сияқты, құрылыс өнерін үйренуіміз де жетісіп тұрған жоқ. Көптеген ауылдарымыз бен қалаларымызда кірпішті келгінбайлар күйдіріп, құрылысты «жабайы бригадалар» салып беріп жүр. Тепсе темір үзетіндей жігіттер мен қыздардың ата қонысын, туған жерін қимай жұмыссыз отырғандары анау. Талаптанбаған, ізденбеген жас адам ата сақалы аузына біткенше өнер үйренер ме? Абай айтқандай:

«Білім де жоқ, білімге сенім де жоқ,
Өнерсіз қартаяр деп біл баланды», – болады да.

Осыдан келіп қазақ неліктен осынша енжар, былжыр, жасық деген сұрақ туады. Әлде жаратылысы жалқау, құлағы көңілсіз, ойға олақ, еңбекке қолының ебі жоқ, бақытсыз халық па?

Қазақтың көп ғасырлық көне тарихы мұның екеуін де теріске шығарады. Шыңдығында біз өзге жұрт былай тұрсын, өзіміз кіжініп күнде айтатындай жалқау да жасық болсақ, осы күнімізге осы қалпымызда жете алмас едік. Әрісін былай қойғанда Ресей империясының құлдығында болған екіжарым ғасырдан астам уақыт ішінде тіліміздің де, дініміздің де айрылып, ұлттық ерекшеліктердің бәрінен жұрдай болып, жұтылып кететін едік. Құдайға шүкір! Атыраудан Алтайға, Оралдың оңтүстік етегінен Алатау мен Қаратауға дейінгі ұланғайыр даланы алып жатқан Қазақстан деген ел бар екенін бүгінде бүкіл әлем танып отыр. Соншама езгіге, қорлыққа төзіп егемендікке жеткен ұлт тегін болмаса керек. Сол көнбістік, төзімділік оны әлі де талай биіктерге шығара алары да әбден мүмкін.

Ал жалқаулық, енжарлық, ынтасыздық, салақтық пен олақтық атаулының бәрі қазақтың сүйегіне біткен, ана сүтімен бойына сіңген қасиет емес. Екіжарым ғасырдан астам уақытқа созылған отаршылдық езгі қалыптастырған құлдық пиғылдың – ұлттық дерттің жексұрын көріністерін білемін. Дерттің емі – Егемендік. Шипасы – өзіміздің. Әрқайсымыз өз парызымызды жанымызбен түсініп, санамыздағы құлдық пиғылды жеңу арқылы өнімді еңбектене алсақ ерікті мемлекеттігіміз баянды, іргелі елділігіміз мәңгілік болары хақ.

Сұлтанмахмұттың «Ендігі беталыс» атты өлеңінің мына бір аса ұлағатты жолдарын еске түсірейікші:

Кірді ғой түстен кейін тентек ақылы,
Сертімнің бұл өмірлік ең ақыры:
«Адам — құл өзін жеңіп ұстамаған»,
Деген бір Сократтың бар нақылы.
Тұрмысты үмітім көп жеңем деген,
Жігермен жеңуіме сенем деген.
Ырқыма меніц жүрер қай дүние,
Көнбесе өз ырқыма өзім денем?

Отаршылдардың құлдық езгісі қазақты есеңгіреткені соншалық, ол өзін өзі билей алмайтын, өз денесін өзінің ырқына көндіре алмайтын дәрменсіз болып қалды. Егемендік алғаның, отаршылдық құлдықтан құтылғаның жақсы-ақ. Өзіңнің қаныңа сіңіп кеткен құлдық пиғылың – ұлттық дертіңнен қалай айыға аласың? Әрқайсымыз өзімізге өзіміз осындай сұрақ қойып, соның жауабын таба алсақ жарар. Ендеше, қазағымыздың мәртебесін көтеріп, оның терезесін өркениетті елдермен теңестіру жолындағы ұлы күрес әрбір қазақтың өз бойындағы жалқаулығын, енжарлығын, ынтасыздығын, жаутаңкөз жасықтығын, бір сөзбен Сұлтанмахмұтша айтқанда, өз денесін өзінің ырқына көндіре білуден басталса абзал.

Айналамызға көкірек көзімен бір қарап алайықшы. Қазақстанда 800 мыңдай неміс бар. Түгелге жуық ауылдық жерлерде тұрады. Үй басы кемінде бір, көбінде екіден, үштен мотор бар. Үйлері, ақшаңқан үйлері кандай! Айналасында шөп-шалам жатпайды. Қашан да тап-таза. Жеті қат жер астынан су тартып, үйіне, мал қорасына кіргізіп қойған. Шөп екеш шөбінің де қоймасы бар. Адам жегеңдей көк пішенге жел де, күн де, жаңбыр да, қар да тимейді. Мал, құс қораларының да, күндіз тұратын албарларының да іші-сырты бірдей тазалығымен таң қалдырады. Адамның ауызын тұшытып, қарынын жұбататынның бәрі үйінің қасынан, асханасынан табылады. Қасық тік тұратын, тартсаң келмейтін меңіреу қатығы қандай! Осының бәрін көрген казақ «мынау нағыз жұмақ қой!» деп таңдай қағудан жалықпайды.

Содан кейін өз аулымызға, өз ауламызға кіріп көрейікші. Айында бір жиналмаған күл-қоқыстан аяқ алып жүргісіз. Мал мен құс еркін жайлап, бірі жапалап, бірі құмалақ тастап, бірі саңғырып кете береді. Қойманы айтамыз-ау, етек-жеңі жиналып, төбесі де шығарылмаған, көп борайтын шаң-тозаңның, сирек жауатын жаңбыр мен қардың астында қобырсып жатыр. Күн құрғатып, жел қағып нәрін кетіреді-ау деп ойламаймыз да. Көбімізде жеміс ағашы атымен жоқ. Бар болса жапырақтары бүрісіп жүдеп тұрады. Көкөніс жеп көгергеніміз де шамалы. Көптен бері не қабырғаларына, не шатырына иесінің қолы тимеген үйдің де адам көрер сиқы жоқ. Жат жұрттардан келгендер зәуқайыр:

– Күтімсіз ауыл кімдікі? – деп сұрай қалса жолбасшы ойланбастан:
– Қазақтікі, – деп жауап берер еді.

Күтімсіз үй-қора да қазақтікі екені даусыз. Бір жақсысы ешкім ондай сұрақ қоймайды. Көргенін ішіне түйіп, осынша ұқыпсыз, салақ халық та болады екен-ау дегенді үндемей-ақ ұқтырып кете барады.

Жаздың жалпағында кейбір үйлерден бір жұтым айран табылмайтынын, қонақ келгенде көл-көсір дастарханы жайшылықта шай жабдығынан бөтенді көрмейтінін айтпай-ақ қояйық. Журналист Марат Тоқашбаевтың деректеріне қарағанда, Қазақстанды мекендеген жүз ұлттың ішіндегі жеке меншік моторы азы, жинақ кассасындағы ақшасы азы, түптеп келгеңде ең кедейі қазақ болып шығыпты. Күнбатыс елі: «Ақылды болсаң қалайша кедей болдың?» – дейді екен. Ал біз болсақ «ақылдың мал жиюға септігі жоқ, ақымақтың мал жиюға кемдігі жоқ» деп кедейлікті ақылдылықтын абыройлы бір белгісіндей көрсетіп, мақтан тұтып келдік емес пе. Ұлы Абай: «Еңбек жоқ, харекет жоқ қазақ кедей», – деп баяғыда айтып кеткен жоқ па еді.

Соны осы күнге дейін ұға алмай жүрген өзіміздің көкмилығымызды өзіміз сөкпесек, басқалар басын қатырып қайтеді? Кигісі келгенді кие алмай, ішкісі келгенді іше алмай, жегісі келгенді жей алмай жаутаңкөз болып жүргенді кім сыйлайды? Тағы да ұлы Абай айтқандай: «Ақылға сәуле қонбаса, Хайуанша жүріп күнелтпек» болғаны ма?

Әділ құдай Адам ата мен Хауа ананы жаратып, жер бетіне жібергенде олардан тарайтын ұрпақтардың бірі ақылды да, бірі ақымақ, бірі ізгі де, бірі жауыз, бірі іскер де, бірі олақ болсын демеген. Табиғат-климат жағдайларына байланысты түр-түстерінің аз-кем өзгергені болмаса, ұлттар мен ұлыстардың, жалпы адам атаулының жаратылысында айырмашылық жоқ-ақ қой. Тіршілік бәйгесінде олардың біреулері қара үзіп алға шығып, біреулері шаң жұтып артында қалып қойса, оған патша құдайдың иненің жасуындай кінәсі жоқ. Өзіміздің құлдық пиғылымызды жеңе алмай, өз денемізді өзіміздің ырқымызға көндіре алмай, жалқаулығымызға, енжарлығымызға құл болып жүрген біз, қазақ, өзіміз кінәліміз.

Империяның экономикалық құлдығынан, рухани құрсауынан құтылып келеміз. Сөз жүзіндегі егемендігіміз де шын мағынасында егемендікке айналып келеді.

Өзіміздің құлдық пиғылымызды, қанымызға сіңіп кеткен жалқаулығымызды, намысқа тыриспайтын ынжықтығымызды өзіміз жеңе аламыз ба?

Бұл сұраққа жауапты әрбір қазақ өзінің ісімен бере алса жарар.

(Жалғасы бар)

МАҒЖАН МЕКТЕБІНДЕГІ ТАҒЛЫМДЫ АКЦИЯ

Мамыр айының үшінші жексенбісі – ЖИТС-тен құрбан болғандарды еске алудың Дүниежүзілік күні. Осыған орай Талдықорған қаласындағы М.Жұмабаев атындағы №19 мектеп-гимназиясының мәжіліс залында жоғары сынып оқушылары үшін ке4к-лемд3 акция өткізілді.

Акцияны Алматы облыстық ЖИТС-пен күрес және оның алдын алу орталығы бас дәрігерінің орынбасары Гаухария Уранқаева сөз сөйлеп ашып, бүгінгі күннің маңызына тоқталды. Бір минуттық үнсіздіктен кейін облыстық орталықтың алдын алу бөлімі меңгерушісінің міндетін атқарушы Гүлмира Жақанова оқушыларға облыстағы эпидемиологиялық жағдайды айтып берді.

Эпидемиолог-дәрігер Айгүл Ибраимова АИТВ-ні жұқтыру жолдары, сақтану шаралары жайлы әңгімеледі. Сондай-ақ, бұл шараға үкіметтік емес ұйымдар белсене қатысып, әркім өз саласының жұмысымен таныстырды. Атап айтқанда, «Қызыл жарты ай» ҚҚ АИТВ-ның алдын алу жөніндегі бағдарламалар менеджері Әлия Қорабаева, «Ковчег» әлеуметтік бюросының басшысы Светлана Сәдуақасова, «Амелия» қоғамдық бірлестігінің төрайымы Наталья Жолнерова оқушыларға ғасыр індеті жайлы толыққанды мағлұмат берді.

Оқушылар алдына ЖИТС-тен құрбан болғандардың есімдері мен туыстарының тілектері жазылған квилт әкелінді. Оқушылар өлгендер рухына арнап шырақ жақты. АИТВ жайлы бейнефильм тамашалаған балалар қызықты викториналық сұрақтарға белсенді қатысып, жақсы ақпараттанғандарын танытты. Дұрыс жауаптары үшін заттай сыйлықтармен марапатталған балалар келген қонақтарға арнап концерттік бағдарламасын ұсынды. Соңынан мектеп ауласына шығып, барша еске алушылармен бірге екендіктерін ұқтырып, түрлі-түсті шарларды әуеге ұшырды.

Х.А.АХМЕТЖАНОВ – ҚАЗАҚТАН ШЫҚҚАН ТҰҢҒЫШ ИНЖЕНЕР-МЕТЕОРОЛОГ

Кеңестік дәуірде қазақ зиялыларынан шыққан қайраткерлер мен ғалымдардың атқарған қоғамдық-саяси қызметі аракідік зерттелді. Көбіне ондай зерттеулер Қазан төңкерісіне, революцияларға атсалысқандарға арналды. Басқаша айтқанда, жалпы зиялылардың, оның ішінде қазақ зиялыларының тарихын зерттеуге негізгі кедергі, бөгет болған коммунистік идеологияға негізделген методологиялық ұстаным екендігі бұл күні айқындалуда.

Еліміздің тарихында өзіндік терең із қалдырған, Қазақстанның тұңғыш әскери инженер-метеорологы, көрнекті ғалым, техника ғылымдарының кандидаты Хакім Ахметжановтың өмір жолы, өскен және білім алған ортасы, атқарған қызметі, соңында қалдырған мол ғылыми мұрасы зерттеушілердің назарын өзіне аудартпай қоймайтындығының өзіндік себептері бар. Ондай себептер қатарына: біріншіден – Х.А.Ахметжановтың Ұлы Отан соғысы жылдары мен одан кейінгі кезде Қызыл Армия қатарында қазақтан шыққан алғашқы әскери инженер-метеоролог ретіндегі елеулі еңбегін, екіншіден – кеңестік жүйе жағдайында еліміздің халық ағарту саласына және еліміздегі іргелі ғылыми-зерттеу мекемелерінің бірі болып саналатын Қазақ гидрометеорологиялық ғылыми-зерттеу институтына жетекшілік етіп, эксперименттік және ғылыми базаның қалыптасуына мұрындық болғанын, үшіншіден – ғалым ретінде елімізде гидрометеорология саласының өзекті мәселелерін зерттеп мол мұра қалдыруын жатқызуға болады.

Хакім Ахметжанұлы Ахметжанов 1921 жылдың тамыз айының 5-ші жұлдызында бұрынғы Гурьев облысының, Бақсай ауданы, Новобогатинск ауылында дүниеге келді. Қазіргі әкімшілік бөлініспен айтар болсақ Новобогат ауылы Хамит Ерғалиев ауылы болып өзгертіліп, Исатай ауданына қарайды. Хакім Ахметжанұлы өмірге келген кезең елімізде кеңес өкіметінің орнап, жаңа жүйенің қалыптасып жатқан шағы болатын.

Новобогат ауылында қарапайым шаруа отбасында дүниеге келген Х.А.Ахметжановтың әкесі Меңдібаев Ахметжан мен анасы Меңдібаева (Айсина) Рахима қарапайым жандар еді. 1861 жылы туған Ахметжан Меңдібаев 1917 жылғы Қазан революциясына дейінгі және одан кейінгі кезеңде де мал шаруашылығымен айналысқан. Ал, 1882 жылы өмір есігін ашқан Рахима Меңдібаева болса үй шаруасымен шұғылданған. Хакімнің ата-анасы Новобогат селосында тұрақты өмір сүрген. Х.Ахметжанов дүниеге келген 1921 жыл қазіргі тарих ғылымында дүбірлі кезең ретінде сипатталып жүр. Новобогат елді-мекені мұнай іздестіру арқылы 1912 жылы танылғанымен, Хакім Ахметжанұлы бала кезінде өлке байлығының еліне тигізген пайдасын көре алды деу қиын. Жергілікті халық «көппен көрген ұлы той» деп ата-бабамыз айтқандай, небір сұмдықты – қантөгіс төңкерістер, аштық пен жоқтықты көрсе де еш уақытта ертеңгі жарқын өмірден түңілген емес. Керісінше, ұрпағын білім нәрінен сусындатып, алға ұмтылдырды. Өйткені, алдағы уақытта білімнің, ғылымның заманы келерін сезді. Сондықтан да үміт артқан баласын әкесі Ахметжан, анасы Рахима Новобогаттағы жұмысшы-шаруа жастары мектебіне берді. Мектеп есігін ашқан жас Хакім аталмыш мектептен сауатын ашып, білім алады.

1934 жылы Новобогат жұмысшы-шаруа жастары мектебінің 5 сыныбын бітірген Хакім Ахметжанұлы Гурьев педагогикалық училищесіне оқуға түседі. Педагогикалық училище қабырғасында төрт жыл бойы білім алған Х.Ахметжанов 1938 жылы училищені бітіріп, бастауыш мектептің мұғалімі мамандығын алып шығады және училище басшылығының жолдамасы бойынша А.С.Пушкин атындағы Орал педагогикалық институттың физика-математика факультетіне оқуға түседі.

1941 жылдың маусымында Орал пединститутында кезекті оқу мезгілі аяқталды. Алғашқы емтихандар басталып, студенттерді жаңа оқу жылына таңдау жүріп жатты. Жаратылыстану факультетінде студенттердің Кама өзеніне соңғы рет кешенді географиялық практикаға баруға әзірлігі болып жатырған. Студенттер демалысқа, ал оқытушылар кезекті іс-сапарларына асығып жүрген, сол себепті әр сағат қымбат. Институттың ұжымы жақсы-жақсы істермен айналысуда. Ал бұл күндер тыныш заманның соңғы уақыттары еді.

1941 жылдың 22 маусымында фашист Армиясының Кеңестер Одағына басып кірген күні ең қаралы күн болатын. Кешегі кітап оқып, жазу жазған студенттер мен оқытушылар қаламдарын бүгін винтовкаға алмастырып, Кеңес Одағының басына төнген қатерден Отан қорғауға белсене араласып кетті.

Қызыл Армия қатарына шақырылғандар қатарында А.С.Пушкин атындағы Орал педагогикалық институтының физика-математика факультетінің IV курс студенті Х.А.Ахметжанов та болды. 1941 жылдың тамыз айында әскер қатарына шақырылған Х.А.Ахметжанов Мәскеу қаласындағы Қызыл Армияның Жоғары әскери гидрометеорологиялық институтына жолданады. Содан Х.А.Ахметжанов 1941 жылы 23 тамызда аталған институттың метеорологиялық факультетінің тыңдаушысы болып белгіленеді.

1943 жылдың 3 қыркүйегі мен 20 қазаны аралығында Х.А.Ахметжанов Полтава штурм авиадивизиясының Метеобюросында практикадан өтеді. 266 ПШАД метеоқызметінің бастығы, аға техник-лейтенант Куликовтың 1941 жылдың 21 қазанында Хакім Ахметжановтың жұмысына берген пікірі практика кезіндегі іс-әрекетін айқындайды.

Хакім Ахметжанұлы 1944 жылы әскери инженер-метеоролог мамандығын алып шыққан алғашқы қазақ болды. Х.А.Ахметжанов білім алған Қызыл Армияның Жоғары әскери гидрометеорологиялық институты 1943 жылы эвакуациядан Мәскеуге оралды, ал 1944 жылы Ленинград қаласына ауыстырылды. 1945 жылы Ленинград гидрометеорологиялық институты қайта құрылды. Соған орай жетекші оқытушылардың үлкен бөлігі Мәскеу қаласында қалды. Сондықтан оқытушылар ұжымының негізін Ленинград қаласындағы гидрометеорологиялық сала бағытындағы жетекші мекемелердің қызметкерлерінің қатары құрады. Бұл Ленинград гидрометеорологиялық институтында ғылымның осы бағытындағы мамандарды дайындау үшін гидрометеорологиялық білім берудің мықты әдістемелік базасын құруға септігін тигізді.

Ұлы Отан соғысы кезіндегі әскери ұшқыштардың қашық радиустардан дұшпан бөлімдеріне соққы жасау әрекеттеріне Выборг, Нарвск, Галлинск, Эзельск, Мемельск, Кенисберг, Пиллавск бағытындағы соғыс операцияларының сәтті жүруіне гидрометеорологиялық жағынан авиация шабуылдарына теңдессіз мол жәрдем көрсеткені үшін Х.А.Ахметжанов «Қызыл жұлдыз» орденіне ұсынылған. 1945 жылдың 20 мамырында ӘӘК ҚБФ 11-ші штурмдік авиациялық Новоресейлік – екі мәрте Қызыл Тулы дивизиясы штабының бастығы, полковник Бурков Х.А.Ахметжановқа берген мінездемесінде «Синоптикалық карталарды дұрыс талдайды. Әскери жұмыстарды қамтамасыз етуде артылған міндеттерді толықтай нәтижелі атқарды. Оның метеожағдай бойынша қызмет көрсету кезінде әскери тапсырмалар орындалмай қалған жоқ және оғаш уақиға болған емес. Өзінің сапалы жұмысымен және өз уақытында дивизия мен бөлімдерге кеңес беруі арқылы қарсыластың техникасы мен су жабдықтарына берілген соққылардың нәтижелілігіне айтарлықтай дәрежеде ықпал етті» дей келіп «Қызу әскери жұмыс кезеңінде дивизия басшылығын метеомәліметтермен өз уақытында және дәл қамтамасыз еткені үшін жолдас Ахметжанов үкіметтік

марапат – «Қызыл жұлдыз» орденіне лайықты» деген қорытындыға келеді. Содан, Әскери әуе Күштері Қызыл Тулы Балтық флотының 11-ші штурмдік авиациялық Новоресейлік – екі мәрте Қызыл Тулы дивизиясының командирінің бұйрығымен Х.А.Ахметжанов «Қызыл жұлдыз» орденімен марапатталады.

1948 жылы армия қатарынан босап шыққан Хакім Ахметжанұлы өзінің туған ауылы Новобогатқа оралады. Елге келгеннен кейін 1948 жылы тамыз айында Новобогат ауылындағы Амангелді атындағы орта мектептің оқу ісінің меңгерушісі және жоғары сыныптарға физика-математика пәнінен мұғалім ретінде ұстаздық еңбек жолын бастайды.

1950 жылы 21 қаңтарда Хакім Ахметжанұлының жасы егде тартқан әкесі Ахметжан Меңдібаев дүниеден озды. Сөйтіп ғалымның алдағы алар асулары мен жетер жетістіктерін тағдыр тек анасының куә болуына жазды. Өйткені, Хакім Ахметжанұлы қай уақытта да анасын қасынан тастаған емес, әрдайым өзімен бірге алып жүрді.

Новобогат ауылындағы Амангелді атындағы орта мектебінде оқу ісінің меңгерушісі болып жұмыс жасап жүрген білікті жас маман көп ұзамай ағарту саласы басшыларының көзіне ілігеді. Өйткені осы кезде Қазақ КСР Министрлер Кеңесінің 1950 жылғы 14 маусымындағы қаулысы негізінде Гурьев облыстық атқару комитетінің «Гурьев қаласында мұғалімдер институтын ашу туралы» шешімі қабылданып, Гурьевте алғашқы жоғары оқу орны ашылды. Жаңадан ашылған мұғалімдер институтында филология және физика-математика бөлімшелері болды. Міне, осыған байланысты жаңадан құрылған жоғары оқу орнына аталған сала бойынша білікті мамандар қажет еді. Осыған орай Х.А.Ахметжанов Қазақ КСР Ағарту министрлігі мен Гурьев облыстық партия комитетінің нұсқауымен 1950 жылдың қыркүйек айында Гурьев мұғалімдер институтына оқытушы болып ауыстырылады.

Х.А.Ахметжанов 1951-1952 оқу жылынан бастап Гурьев мұғалімдер институтының физика және математика кафедрасына меңгеруші болып



тағайындалады. Сөйтіп Хакім Ахметжанұлы аталмыш кафедраның алғашқы меңгерушісі ретінде оның оқу-әдістемелік жұмыстарын ұйымдастыруға бар күшін салады.

Х.А.Ахметжанов 1958 жылдың қараша айынан 1960 жылдың қараша айына дейінгі уақытта М.И.Калинин атындағы Ленинград политехникалық институтының аэродинамика кафедрасында аспирантурада оқып, ғылыми ізденіс жұмыстарымен шұғылданады. 1960 жылы қаңтар айында Гурьев мемлекеттік педагогикалық институтына оралып, ізденістерін әрі жалғастырады. 1960 жылы қараша айында Гурьев химия және мұнай институтына кандидаттық диссертациясына қажетті материалдарды жинақтау үшін зертханаға ғылыми қызметкер болып ауысты. Араға бір ай салып зертхананың меңгерушісі болып тағайындалады.

Хакім Ахметжанұлы басшы болып тағайындалған (1967 ж) Алматы қаласындағы Қазақ гидрометеорологиялық Ғылыми-зерттеу институты Батыс Сібір, Қазақстан және Орталық Азия аумағындағы мал шаруашылығы гидрометеорология саласындағы жетекші ғылыми-әдістемелік мекеме еді.

Қазақ гидрометеорологиялық ғылыми-зерттеу институты (ҚазГМҒЗИ) КСРО Министрлер Кеңесінің 1950 жылдың 15 желтоқсандағы № 4943 қаулысы негізінде Министрлер Кеңесі жанынан 1951 жылы шілде айында республиканың отарлы мал шаруашылығы мен оның азық қорын гидрометеорологиялық қамсыздандыру мәселесіне байланысты Қазақ КСР территориясындағы метеорология, гидрометеорологиялық және агрометеорологиялық тәртіптер төңірегінде ғылыми-зерттеу жұмыстарын жан-жақты дамыту мақсатында Алматы қаласындағы Алматы геофизика обсерваториясы базасында құрылды.

1967-1976 жылдары Хакім Ахметжанұлы директор болған кезде институт эксперименті және ғылыми базасының қалыптасу кезеңі ретінде көзге түсті. Сонымен, Хакім Ахметжанұлы институт директоры қызметінде шебер ұйымдастырушы ретінде танылып, институтта сел тасқындарын зерттеу бөлімі, су ресурстары секторы мен белсенді әсерлер радиолокация экспедицияларына жетекшілік жасайды. 1974 жылы институтта «Метеорология, климатология, физика атмосферасы» және «Құрғақ гидрология мен су ресурстары» мамандықтары бойынша аспирантура бөлімі ашылып, ғалым жетекшілігімен Қазақстан Ғылыми-зерттеу гидрометеорологиялық институты КСРО-дағы сел тасқындары ағыстарының табиғатын зерттеу, есептеу және болжау әдістерін қайта даярлау бойынша басты мекеме атанады. Алғаш рет әлемдік тәжірибеде Іле Алатауы қыраттарында табиғи жағдайда сел тасқындары ағыстарын қосу бойынша эксперименттік лаборатория құрылады.

Директорлық қызметтен босағаннан кейін де Х.А.Ахметжанов Қазақ Гидрометеорологиялық ғылыми-зерттеу институтында еңбек жолын әрі қарай жалғастырып, ғылыми шығармашылық жұмыстармен шұғылданады. Ғалымның ғылыми ізденістерден қол үзбегендігін, сол тұста оның қаламынан туындаған бірқатар еңбектері айқындай түседі. Жалпы Хакім Ахметжановтың мол тер төгілген ғылыми-эксперименттік ізденістерінің нәтижесі елуден аса ғылыми еңбектерінде көрініс табады. Бұл саптан «Алматы қаласының климаты» монографиясын, Каспий және Арал теңіздерінің Қазақстан климатына әсерін бағалау бойынша әзірленген ғылыми басылымдар сериясын атауға болады. Сондай-ақ, халық шаруашылығының қажеттілігін өтеу үшін ғалым жетекшілігімен фундаментальды басылымдар дайындалып, «Қазақстан климаты», «КСРО климаты бойынша анықтамалықтар» монографиясы, Қазақстан аумағы бойынша КСРО суларының сыртқы бөлігінің ресурстары бойынша агроклиматтық анықтамалықтар, Қазақстан Атласының кешенді ғылыми-гидрологиялық, климаттық және агроклиматтық картасы құрастырылады.

Көрсетілген еңбектердің арасында 1985 жылы Ленинград қаласында жарық көрген Алматы климаты ғылыми зерттеуінің маңызы ерекше. Бұл еңбекте көпжылғы метеорологиялық бақылау мен кейбір қосымша зерттеулер мәліметтері бойынша Алматының климаттық жүйесі ұсынылған. Зерттеу әрбір метеорологиялық параметрлер бойынша (температура, ылғалдылық, қысым, жел, бұлттылық, атмосфералық жауын-шашын, атмосфералық құбылыстар), сонымен қатар, тұтастай мезгілдердің қысқаша сипаттамасы бойынша нақты мәліметтер береді. Сонымен қатар, температура мен жауын-шашынның маусымдық, мезгілдік және жылдық аномалдары қарастырылған. Есептеу жолымен радиациялық және жарықтық жүйенің бірқатар сипаттамалары алынған. Қаланың тау жотасының етегінде орналасуына байланысты шекаралық қабаттың, еркін атмосфера климаты және ауа бассейнінің ластану жағдайына қысқаша сипаттама беріледі.

Осыдан соң, көп ұзамай 1989 жылы Хакім Ахметжанұлы дүниеден озды. Ғалым қайтыс болғанымен оның артында ұрпақтары мен көптеген ғылыми мұрасы қалды.

Қорыта келгенде, ғұмырын ғылымға арнаған ғалымның туған елі үшін жасаған өнімді еңбегінің толымды тағылымы бүгінде де өз өркенін жаюда, заңды жалғасын табуда. Қазіргі таңда Қазақстан жоғары оқу орындарының географ студенттері, магистрлері практикалық сабақтар және өздерінің курстық, дипломдық, диссертациялық жұмыстарын орындау кезінде Х.А.Ахметжановтың жетекшілігімен әзірленген ғылыми еңбектерді кең көлемде пайдаланып келеді. Ал, мұның өзі «Жақсының аты өлмейді, ғалымның хаты өлмейді» деген халық даналығын тағы бір дәлелдей түскендей.

Рамазан АСЛАНБЕК Теміржанұлы,
Атырау қалалық лицейінің тарих пәні мұғалімі.

САПАЛЫ БІЛІМ – ЖАРҚЫН БОЛАШАҚ КЕПІЛІ

XXI ғасырдағы Қазақстан – бұл екі онжылдықта дарынды, еңбексүйгіш, толерантты халықтың «нөлден» бастап құрған елі. Президент Н.Ә.Назарбаевтың Жолдауын оқи отырып, халық үшін ең басым бағыт қайсы екен деген ойға берілесің. Әлбетте, Елбасы тізген барлық бағыт та маңызды, алайда бүгінгі табысқа қол жеткізген ең басты байлық – білім алу екеніне көпшілік келісер. Дамыған мемлекеттер қатарына қосылу үшін сапалы білім алу керек, ол үшін, Президентіміз айтқандай, білім беру жүйесінің сапалылығына мән берілуі қажет.

Түркі халықтарының Дүниежүзілік конгресі әл-Фараби атындағы Қазақ Университетін «Түркі мемлекеттеріндегі ең озық ЖОО» атағына ұсынды. Осы орайда ҚазҰУ көшбасшылығы QS World University Rankings халықаралық рейтингісінің нәтижелерімен бекітілгенін айта кеткен орынды. Ол жерде аталмыш оқу орны 275-орынды иелені, түркі мемлекетері университеттерінің ішінде көш бастап тұр. Өйткені, бұл шаңырақ өз ісінің мамандарын даярлайды. Біздің университетте оқып жүріп, сен өз еліңнің болашағы үшін мақтаныш сезіміне бөленіп, Экономика және бизнес Жоғары мектебі факультетінде алып жатқан білімің үшін қуанасың. Кафедра ғылыми, рухани-тәрбиелік, жаңашыл және өндірістік әлеуетке ие десем, артық айтқаным емес. Мұнда алған ілім-білімің әлемдік деңгейге сай. Факультет деканы Б.Ж.Ермекбаева мен «Қаржы» кафедрасының меңгерушісі М.Ж.Арзаевалардың басшылығымен кафедра ұжымы белсенді ғылыми-зерттеу жұмыстарына ден қойған. Сондай-ақ бұл кафедра Қазақстан қаржыгерлері Қауымдастығына да мүше, соның арқасында қаржылық мекемелердің бәрімен тұрақты қарым-қатынас орнаған. Қаржылық-несиелік салада қызмет істейтін мамандармен үнемі жүздесіп, оқу жоспарлары мен бағдарламасы, арнауы курстар мен дипломдық, курстық жұмыстар тақырыптары талқыланып, сарапқа салынады.

Кафедраның ғалым-профессорлары шетел ғалымдары қатысатын дөңгелек үстелдердің үнемі қадірлі қонағы. Атап айтқанда, ғалымдар Б.Ж.Ермекбаева, Б.К.Қазбеков, В.Д.Ли, Н.Н.Хамитов Ресей сыртқы қаржы институты, Санкт-Петербург қаржы мен экономика университеті, Демирель атындағы Университет, ҚР БжҒМ жанындағы экономика институты, Ломоносов атындағы ММУ, РФ үкіметі жанындағы қаржы академиясы өткізген халықаралық конференцияларда баяндамаларын оқыды.

Ғылыми жұмыстардың негізгі бағыттары: ұлттық шаруашылық саласын дамытудың қаржылық және экономикалық тетіктерін зерттеу және әзірлеу; Қазақстандағы қаржылық капиталды қалыптастыру мәселелері, тұрақты экономикалық өсу мәселелері, тәуекелдері басқару, инвестициялар мен жаңашылдықты басқару.

Кафедрамызда «Биржалық Трейдинг орталығы» атты бастамашыл жоба жасалды, ол «Білім мен кәсіби дағдылар – заманауи білім беру жүйесінің негізгі кезеңдері» көрсетілген «Қазақстан-2050» Стратегиясының басты міндетіне жауап береді.

Жобаның басты қатысушылары:

- Қаржы кафедрасының профессорлық-оқытушылық құрамы;
- Қазақстандық қор биржасы;
- FIBO Group Халықаралық Қаржы Холдингі;

Бұлар – қаржылық рыноктағы және активтерді басқарудағы интернет-трейдингтің алдыңғы қатарлы технологиясын ұсынатын компаниялар. Бүгінгі таңда олар Форекс рыногындағы әрі көптеген елдердегі CFD келісімшарттарының ірі ойыншылары болып табылады.

Осы күнге дейін ҚазҰУ алғашқы құрылған жылдан бері алған білімі мен дағдысын түрлі салада табысты қолданып жүрген қаншама кәсіби маманды даярлады десеңізші?! Оқыту бағдарламаларын отандық және шетелдік бай тәжірибеге сүйене отырып әзірлеп, халықаралық ынтымақтастық мүмкіндіктерін кең пайдаланып, мықты ғалымдар мен кәсіби-практиктерді дәріс беруге шақырған университеті білім беру жүйесін қалыптастыруға қол жеткізді.

Өзінің жемісті еңбегін дәлелдей білген Қазақ Ұлттық Университетінің жақсы дәстүрі отанымыз бен келешегіміздің дамуына өз үлесін қоса береді деген сенімдемін.

Бағлан ҮКІБАЙ,
әл-Фараби атындағы ҚазҰУ,
Экономика және бизнес жоғары мектебінің
«Қаржы» кафедрасының 4-курс студенті

АБЗАЛ АНА БЕЙНЕСІ

Сөз болып отырған жер Кодексінің жобасындағы «Жерді иелену» мәселелерін реттеуге арналған 7-статьямен де әзірге келісуге болмайды. Онда «Қазақ ССР-інің азаматтарына жер осы Кодекстің 43-статьясында көзделген мұқтаждар үшін мұраға қалдырылып, өмір бойы иеленуге беріледі» делінген ғой. Бұлай болған жағдайда құнарлы жерлерде тұрғандар оны өмір бойы иеленуге алып, мұраға қалдыру правосына да ие болады. Құнарлы жер осылай үлеске түсіп кетеді де, жарамсыз жерде тұратындар мен экологиялық апатқа ұшыраған жерлерден көшірілетін қазақтарды орналастыратын жер қалмайды. Сондықтан бұл статьяны мына төмендегіше редакциялау керек:

«Қазақ ССР-інің азаматтарына жер жарамсыз жерлер мен экологиялық апатқа ұшыраған жерлер тұрғындары қоныстандырылатын жер қоры жасалғанға дейін учаске алған азаматтар, колхоздар мен совхоздар және басқа да заңды ұйымдар жерді уақытша иелік правосымен ғана пайдалана алады».

Қазақ республикасы селолық аудандарының үштен бірі, яғни, 205 ауданның 71-і шөл және шөлейт аймақта, сортаң жерлерде орналасқан. Бұл аудандарда тұратын халықтың 90 процеттен астамы қазақтар. Жоғарыда аталғандағыдай, бұлардың тұрған жерлерін ауыл шаруашылығына жарамсыз жерлер деп танып, жарамды аймақтан жер учаскелерін алуға праволы екендігі арнайы статьялармен зандастырылған күннің өзінде оны жүзеге асыру ісі көп кедергілерге кездесуі әбден мүмкін. Сондықтан оны Кодекс жобасының басқа да тиісті тарауларындағы статьялармен бекітіп, нығайта түсу кажет. Бұл үшін ең қолайлысы «Халық депутаттары Советтерінің жер қатынастарын реттеу саласындағы компетенциясы» деп аталатын VII тарау, 29 бен 33 аралығындағы бақандай-бақандай бес статья ауылдық, селолық Советтерден бастап Қазақ ССР-інің жоғары мемлекеттік өкімет және басқару органдарына дейінгі әртүрлі деңгейдегі Советтердің билік шеңбері нақпа-нақ көрсетілген. Жетпей тұрғаны да, қамтылмай қалғаны да жарамсыз жерлер және олардың тұрғындарын жарамды жерлерге орналастыру мәселесі екен. Бұл ағаттықты түзету үшін әрбір статьяның пункттері арасына қалып қойған мәселелерді сыналап қосу керек болады.

Мысалы, 29-статья «Халық депутаттары ауылдық, селолық Советінің жер қатынастарын реттеу саласындағы компетенциясы» деп аталады. Оның бірінші пункті: «Азаматтарға, кәсіпорыңдарға, мекемелер мен ұйымдарға селолық елді мекендердің шекарасы шеңберінде иеленуге, пайдалануға және арендалауға жер беру» деп тұжырымдалған. Осыдан кейін екінші пунктпен:

«Жарамсыз жерлер мен экологиялық, ядролық апатқа ұшыраған жерлерден қоныс аудару үшін запас жер қорын жасау және ол жерлерге қоныс аударушыларды орнала-стыру деген тұжырымды қосу керек.

VII тараудың қалған төрт статьясы да осындай пункттермен толықтырылса күні ертең қоныс аударуға мәжбүр болатын жарамсыз жерлер мен экологиялық, ядролық апатқа душар болған жерлер тұрғындарының ел қатарлы жарамды жерлерге қоныстануына кепілдік жасалар еді, олардың да жарамды жерлерді пелену, пайдалану, ұрпақтарына мұраға қалдыру праволары қамтамасыз етілер еді.

Жарық дүниеге келген адамның бәрі де жақсы жерде тұрып, жақсы өмір сүруді қалайды. Сол үшін құлдарша тер төгіп, аянбай жұмыс істеуге әзір. Өйткені өнімді еңбек арқылы ғана жұмақты қолдан жасауға болатыны белгілі. Сол еңбек қандай жерде жанып, қандай жерде бақытың ашылады? Бір анығы: шөл және шөлейт далаға, сортаң жерлерге төккен терің ырыс боп қайтпайды. Мұндай жерлерде тұратындардың бейнеті қаншалықты ауыр болса ырыздығы соншалықты кем болады. Көкөніс, жеміс-жидек атаулыны түсінде де көрмейтіндер қаншама. Қолы жете қалғанның өзінде өсетін жеріндегімен салыстырғанда бес-он есе қымбатқа түседі. Жері кедей ауылдар мен аудандарда балалардың өлімі жері бай көршілерімен салыстырғанда екі-үш есе артық, үлкендердің ауру-сырқауы көп екенін дәрігерлік статистика баяғыда дәлелдеген. Мұндай әділетсіздікті бар дауыспен айыптап, түзету шараларын қолданбасақ келер ұрпақтар алдында қылмыскер, қарабет болып қаларымыз анық.

Әлеуметтік әділдік туралы айтылған көп сөздің белгілі бір нәтиже берер, нақты іске айналар кезі жеткен сияқты. Сол әділдікті шындап орнықтырамыз десек әділетті жер заңын қабылдауымыз керек. Ол үшін жоғарыда айтылғандағыдай, Қазақ республикасы жерінің көпшілігі, әсіресе қазақтар тұратын жерлердің шаруашылыққа жарамсыз, қонысқа қолайсыз екендігіне алдымен өзіміздің көзімізді жеткізіп, өзгелерді сендірейік. Құнарлы жерлерді қайта бөліске салайық. Шөл және шөлейт далада, сортаң жерлерде өлмешінің күнін кешкен қазақтар да адам қатарлы праволармен пайдаланып, жарамды жерлерге қоныстансьш.

Қазақтардың «Қазақ ССР-інің жер Кодексінен» күтері осы деп білемін.

Құнарлы жерді әділ бөлу ең басты шаруа екенін айтпай, әлеуметтік әділдік туралы жалпылама сайрағанымыздың бәрі: Былшыл!

ҚАРА ҚАЗАН



Қазан – тамақ пісіретін ыдыс. Қоладан, мыстан, шойыннан құйылады. Мыс пен қоладан қалыпқа құйылып, түрлі өрнекпен, аңдар бейнесімен әшекейленген қазандар алғаш рет сақ дәуірі ескерткіштерінен қазып алынған. Бұл кезеңде құрбан шалуға арналған қола қазандар кең тараған. Кейінірек қазан шойыннан құйылатын болған. Қазанды көтеруге ыңғайлы болуы үшін ернеуі тұсына сырт жағынан 2-4 құлақ жасалады. Ертеректе қазақтар көші-қон кезінде қазанды қазанқапқа салып, арбаның артқы жағына немесе түйенің ашамайына іліп алып жүрген. Қазанның сыйымдылығы әр түрлі. Он екі қарыс тай қазаннан бастап, екі литр ғана су сиятын кішкене қазан болады. Дәстүрлі қазақ қоғамында қазан қасиетті саналады.Ә.Марғұлан «Құламерген» жырының желісіне ерекше назар аудара келе, қазанға байланысты «Қазан мықты болса, ел де мықты. Қазан – шаңырақ сияқты, бүтіндіктің белгісі. Ол құрыса, ел де құриды», – деп жазады. Күнделікті тәжірибеде киелі саналатын қазанға қатысты наным-сенім,ырым, жоралғылар қазақ арасында жеткілікті.Қазан культі көшпелі халықтардың бірқатарында сақталған. Қазан-басқа ыдыстарға қарағанда қазақ өмірі мен мәдениетінде алатын орны мүлде жоғары. Өйткені ол күнделікті тіршілік құралы. Қазақ дастарқанына түсетін тағамдардың барлығы да ең алдымен осы қазаннан өтеді. Халық жай ғана қазан демей оны «қара қазан» деп қастерлеп айтады. Бұл жерде қара сөзі қасиетті, киелі, берекелі деген ұғымды білдіреді.

Ең үлкені он екі қарыс қара қазан немесе тай қазан дейді. Қазан басындағы ас пісіретін адамды (еркек немесе әйелді) қазаншы дейді. Қазан кәдімгі үш бұрышты ошаққа немесе жерошаққа асылады. Бетіне қақпақ жабады. Отырықшы жерде арнайы қазандыққа орнатылады. Көшпелі елде қазан қирамас үшін оған қалың кенеп, киізден арнаулы қазанқап жасалады. Оттан көтеріп алғанда қол күймес үшін және күйе жұқпас үшін тұтқыш қолданады. Ол қол басына киілетіндей екі киіз қалтадан жасалып, ұзындығы қазанның екі шетіне жететіндей жіппен қосақталып байланады. Қазан түбіндегі қаспағын қыру үшін қырғыш пайдаланады. Ол темірден жасалады.Қазан тоқшылық пен берекенің, ырыс-несібенің айғағы, қасиетті киелі ыдыс. Ұлттық әлеуметтік тарихи оқиғаларда да қазанның алатын орны айрықша. Қазанын сындыру-отбасын ойрандатудың, қазанның төңкеру-аштықтық, масқаралаудың белгісі. Мысалы: «Жеті Жарғыда» өлім жазасына бұйырылған адам жеті айып төлеп құтыла алады. Оның біріншісі- қара қазан төлеу.

Шойын қазандар жай қызады, бірақ жылу бойына бірқалыпты тарайды. Сондықтан да ол ұзақ әзірленетін тағамдар үшін, мәселен, ет немесе күріш бұқтыруға қолайлы. Тағы бір тиімді тұсы — шойын қазанды барлық түрдегі пештерде қолдана беруге болады. Артықшылығы сол — қандай да жоғары температурада қолдансаңыз да, адам ағзасына зияны байқалмаған. Ұзақ уақыт бойы пайдалануға болады.

ДӘРІЛІК ЫДЫСТАР (СЫНАПКӨЗЕЛЕР)

Ортағасырлық қалалар мен қоныстарда сирек жағдайда кездесетін археологиялық бұйым- саз балшықтан шарықта нәзік түрде әсем жасап, жоғары температурада күйдірілген қыш сфероконусты ыдыстар немесе дәрілік ыдыстар. «Сфероконус» деп ыдыстың сыртқы пішініне қарай айтылған.Ол екі сөзден: «сфера» және «конус» сөзінен құралған. Ыдыстың үстінгі бөлігі «сфераға», ал төменгі жағы «конусқа» ұқсайды. Сфероконустардың көбінде аузы тар, бүйірі домалақ, түбі үшкір, кең иықты, мойны жіңішке әрі қысқа, бас жағы саңырауқұлаққа ұқсас, ернеуі ұршықтасы секілді, қара сұр және күлгін түсті болып келеді. Ыдыстардың сырты әртүрлі тәсілде өңделіп, оған жапсырма жапсырып әшекейленген. Б.В. Луниннің еңбегінде Орта Азияда сфероконус ыдысы «симаб-кузече» деп аталатындығы айтылған, «симаб»-күміс су, яғни сынап, ал «кузача»-тар мойынды саз ыдыс.

Ортағасырлық жазба деректердің ішіндегі Махмуд Қашқаридың еңбегінде сұйықтық сақтауға арналған ыдыс, қолдарба ретінде «kiz» аталады. «kiz»-мускус сақтауға арналған ыдыс, қолдарба. «Мускус» (латынша «muscus») бірқатар жануарлардың ұрық безінен алынатын жұпар иісті зат. Сонымен «мускус» -қазақ тіліне бүгі күнде ортағасырлық атауына ұқсас «жүпар су» деп аударылады. Бұл дегеніміз яғни «сынапкөзе» ыдысына осындай «жұпар су» ларды сақтаған екен.

Сынапкөзенің аузы тар, бүйірі жарты шар тәрізді, түбі сүйір болып жасалынуы ішіндегі сұйықтықты үнемі жинақты ұстауға және оны төгіп алмауға, аузын тығындауға өте ынғайланған. Бірақ сынапкөзенің тығыны кездеспейді , соған қарағанда ол ағаштан жасалынған болса керек. Оларды тасымалдау ыдыс ретінде ұстағандығын ыдыстың бау байлауға ыңғайлы мойны және үшкір түбін жерге салбыратып қоюда қажалған іздер мен сызықтар дәлелдейді.

Сынапкөзелерді пішіндік тұрқына қарай үшке бөлуге болады:

-Бүйірлі домалақ, жарты шар тәрізді;

-Қабырғасы цилиндр тәрізді;

-Түбі немесе төменгі жағы балықтың құйрығы секілді.

Сайрам халқы да сынапкөзелерден пайдаланған. Олар казіргі күнде Сайрам тарихи-өлкетану музейінде сақтаулы. Сайрам даңқының әлемге жайылуы - ол Ұлы Жібек Жолында жатқан ең ірі қалалардың бірі болғандығы. VII ғ Қытай саяхатшысы Сюань Цзянь Сайрам туралы біраз мағлұматтар жазған. Ол Сайрамда үлкен сауда орталығы болғандығын, Қытайдың жібегі, парсының кілемі, грек пен арабтың арғымағы – барлығы бар деп кеткен.

С.АРТУХМЕТОВА,
Сайрам тарихи-өлкетану музейінің қызметкері

КӨНЕ ШЫРАҒДАНДАР

Қыш шеберлердің мектебінің қалыптасуы қалалар мен елді мекендер орналасқан аумақтардың географиялық жағдайына да байланысты еді. Қыш шеберлері ғасырлар бойы су мен жел, ыстық пен суықтың әсерінен тастары ұсақталып, саз балшыққа айнала бастаған көне таулар маңайынан орлар қазып, шеберханалар тұрғызды. Шұңқырға толтырылған саз балшық уақыт тезіне төтеп беріп, химиялық және физикалық қасиетін жоғалтпайды, сапасы арта түседі.Қыш шеберлері осынау тәсілді-қыш құюдың технологиясын ұрпақтан ұрпаққа қалдырып отырады. Біздің бағамдауымызша, шеберлер саз балшықты жуан тақтаға салып илеген, ылғалынан арылтқан және бұл ұзаққа созылатын машақатты жұмыс болған. Саз балшықтың кәдеге жарамды не жарамсыздығын топырақ құрамы мен қыш шеберлерінің біліктілігіне де байланысты. Балшық дайын болған кезде алдын-ала қазып, әзірлеп қойған шұңқырларға немесе арнайы сандықша тәрізді қалыпқа салып, шетінен пайдаланып отырған. Осылайша қыш жасау тәсілі жетіліп, жылдар бойы жинақталған тәжірибе арқасында күні бүгінге дейін жеткен шырағдандардан бөлек сәнді күмбездер де тұрғызған. Тарихымыздан сыр шертетін көне жәдігерлеріміздің бірі-шырағдандар. Қарасаң көздің жауын алатын бұл шырағдандар саз-балшықтан, яғни керамикадан жасалған. Байырғы кезде шырағдандарды жарық ретінде кеңінен қолданған. Ертеректе қыш шеберлері шырағданды екі түрлі әдіспен жасап, әсемдік бояуларды нәзік талғаммен қолданды. Илеуі қанған балшықтың сыртын ангоб ботқасымен сырлаған соң, күн көзіне қойып кептірді. Шырағданды көп, әрі тез әзірлейтін арнайы қалыптары болды. Шеберлер шырағданды арнайы аспапты айналдыра отырып жасаған. Дайын шырағдандарын ангоб ботқасына малып немесе үстіне құйып, сыртына түрлі бояумен ою-өрнек салған. Бояп болғаннан кейін күнге кептірген. Бұл жасалған шырағдандарды қыштан қалаған ошақтарда екі реттен күйдірген. Бірінші сатыдағы температураны 750 С0, екінші кезеңде 1000 С0-қа жеткізген. Ошақтарда күйдіруде алдын-ала әзірленген кенеуі мол отынды пайдаланған. Температура жоғарылау үшін жалынды бәсеңдетпей, қадағалай отырып үдете түскен. Межеге жеткенде қызуды шегерген. Сайрамдық шеберелердің мәнері Тараз, Отырар ісмерлері жасаған шырағдандардың пішінінен де аңғарылады., бұл олардың белгілі бір ауқымда ортақ технологияға жүгінгенінің көрінісі болса керек. Сайрам, Отырарлық қыш бұйым үлгілерінде, сондай-ақ , пішіні дөңгелек, ернеуі мұржа тектес, ұстайтын сабы бар шырағдандар ұшырасады. XII ғасырға тән майшамдардың тұғыры қырлы, шүмегі ұзын, иірлі тұтқасына әр түрлі өсімдік жапырақтарының бейнесі өрнектелген. Аң кескінімен де өрнектелген шырағдар да кездеседі. Сайрам, Отырар шебеолеріне тән тағы бір ерекшелік, шырағданның тұлғаларын саз балшықтан жасап, оюларын пышақпен немесе ағаш аспаппен өрнектеген. Сонымен қатар шырағдан толық кеппей тұрып, ауыр заттың астына бастырып, кем-кетігін түзеп, әсемдеген. Қолға ұстайтын шырағдандардың сыртын әшекейсіз, ашық, көкшіл түспен бояған, ал ою-өрнекпен үстінгі жақтарын ғана көркем безендірген. Қол тұтқасы ойылған нақыштармен үйлесімді көрінеді. Негізгі шикізат саз балшық болғандықтан, ангоб ботқасын пайдалануға ден қойған. Орта Азия аумағында ғасырлар бойы ұрпақтан-ұрпаққа ауысып, біздің заманымызға жеткен шырағдан үлгілерінің сырт пішіндерінен көне дәуірлердегі шеберлер мен ісмерлердің дизайнерлік ой-өрісін, қабілетін және қыш жасау технологиясының сырын жетік білгенін байқауға болады. Ежелгі қалаларда ғылым мен мәдениеттің дамуына шырағдан технологиясының әсері зор болғанына күмән жоқ. Ата-бабаларымыз пайдаланған көне заттардың бірі – шырағдандар, Сайрам тарихи-өлкетану музейінің төрінде сақтаулы тұр. Оларды көзіміздің қарашығындай сақтап, келешек ұрпаққа көрсету, тарихын әңгімелеу, ұрпақтан ұрпаққа жеткізу біздің, яғни музей қызметкерлерінің басты мақсаты.

Малика БАЙХОДЖА,
Сайрам тарихи-өлкетану музейінің қызметкері

САПТЫАЯҚТАР СЫРЫ

Халқымыздың салт-дәстүрі, мәдениеті мен өнерінің қоры сарқылмас мол. Қазіргі заманымыздың жастары осы мол қазынадан қол үзіп бара жатқанын жасыра алмаймыз. Сондай ұмытылып бара жатқан тұрмыстық заттарымыздың бірі – саптыаяқ. Саптыаяқ қолөнер шеберлерінің қолымен дайындалады.

Қолөнер – ежелден келе жатқан кәсіп. Өнер туындыларының иесін шебер деп атаған. Ол халықтың өмірімен, тұрмысымен бірге дамып, ұрпақтан-ұрпаққа беріліп отырған. Қолөнер шеберлері табиғаттың әсем көріністерін қолөнер бұйымдарына жиі қолданған. Қолөнер дүние жүзінің әр халқында бар. Сонымен қатар әр елдің, әр халықтың тарихи дамуына, тұрмысына, тарихи ерекшелігіне және эстетикалық талғамына байланысты өзіндік ерекшелігімен өшпес із қалдырып келеді. Сол қолөнердің бір түрі – біздің заманымызға жеткен ағаш және керамикалық өңдеу өнері.

Ағаш бұйымдары ыңғайлы, ағзаға пайдалы, сонымен бірге ол тұрмыстық зат есебінде ғана емес, сән үшін де қолданылып, биік өнер дәрежесіне жеткізілген. Әр әлеует жағдайына қарай «алтынмен аптап, күміспен қаптап» дегендей зерлеп, әшекейлеп жасалған дүниені тұтынып келген. Ерте кездері бұл өнердің иесін «ұста», «он саусағынан өнер тамған шебер» деп құрмет тұтқан. Тіпті, ұстаның шәкірті болудың өзі үлкен құрмет те мақтаныш болған. Қазіргі күндері бұл кәсіп қолданбалы сәндік өнер деп айтылады. Қазіргі күндері дегеннен ойыма келіп тұрғаны осы мектеп оқушыларына ұлттық өнеріміз бен мәдениетіміз жайлы технология, еңбек сабақтарында мағлұмат берумен бірге, (сүргі, шаппа шот,моғал ыңғыру, қашау, ысырғы) ескі өңдеу құралдарының атауларымен таныстырып құлағдар етсе, тіпті соларды ағаш өңдеуде қолданса оқушылардың қызығарына кәміл сенуге болады. Үйінің шатырынан аққан жаңбыр суын бір арнаға жинайтын суағар жасау екінің бірінің қолынан келмейді (есігінің алды көл болып жатса, жаңбыр ғой деп суағар орнату туралы ойламайды да). Келімсек өзбек ағайындардан барып «суағар істеп берші» деп жалынып жүргеніміз. Неге өзбек ағайынды аузыма алдым? Себебі Өзбекстанда көне қолөнер жақсы сақталған. Күнделікті тұрмысымызда кездесетін күйбең тіршіліктің қамы ғой, әйтпесе бұл тақырып өз алдына бір әңгіме болары анық.

Енді тақырыбымызға қайта оралайық. Саптыаяқ дегеніміз – ағаштан немесе керамикадан жасалған тостаған тәрізді ыдыс. Саптыаяқ деген атауына келер болсақ, тұрмысымыздағы ас-үй бұйымдарын «ыдыс-аяқ» деп аталып кеткен секілді, «аяқ» дегенді қайдан алғаны белгілі болды Ағаштан жасалғанында бүлдіргелі сабы немесе шығыршығы болады, сол себепті «сапты» (сөз түбірі «саб») сөзін пайдаланған (сапталған ыдыс, сабы бар ыдыс). Ағаштан жасалғанын халық шеберлері қайыңның, қара ағаштың, үйеңкінің (тошынынан) ұрысынап шауып, ішін ыңғарулап жасайды. Ағаштың (тошыны) ұрысы берік болады, күнге қаңсып жарылмайды. Шеберлер саптыаяқты жонып болған соң, тұзды суға қайнатып, кептіріп жылқының майын сіңіріп майлап қояды. Майлаған ыдыстың өңі ашылып, ағаштың бетіндегі табиғи өрнегі айқындала түседі. Халық ағаш тошынан (ұрысынан) жасалған саптыаяқты өрнегіне қарай «шұбар аяқ» деп те атайды. Жақсы шебердің қолынан шыққан саптыаяқ нағыз өнер туындысына айналады. Осындай өнер туындысы Ілияс Жансүгіровтың қаламынан жыр туғызған екен.

Қарынсау қара тегештей,
Қара қоңыр саптыаяқ.
Дөңгелек қарын кемештеу,
Ақ жем өрнек, ақ қабақ.
Шығыршығы сыңғырлап,
Айнымайды қарбыздан,
Тау суындай сыңғырлап,
Құйылса қымыз құндыздан.
Қабаққа біткен қайыңның,
Бөріші де, безі еді
Өтіндей ақ аюдың,
Әкемнен қалған көз еді.

Қазақ «аюдың өтіндей» деп өте бір тапшы, зәру нәрсені айтады. Сондықтан ақынның саптыаяқты аюдың өтіне теңегені өнер туындысына берілген орынды баға деп түсінуіміз керек.

Саптыаяқты малшылар мал баға шыққанда қоржынына салып, қанжығасына байлап жүреді. Шөлдегенде торсықтағы сусынын саптыаяққа құйып ішеді. Малшылар мал бағып жүріп, қой-ешкінің сүтін саптыаяққа сауып алып, отқа қып-қызыл болғанша қыздырған екі-үш малта тасты салып жібергенде сүт әп-сәтте пісетін болған. Саптыаяқты қолдану ауқымының және бір тұсы ол – бүркітке жем салып беретін ыдыс. Бұл қарағай, терек, қайың секілді қатты ағаштардың тошынынан ойып жасалады. Оны берік болуы үшін малдың майына қайнатады. Сабына қайыс бүлдіргі тағады. Сыйымдылығы 1,5-2,5 литр шамада. Қолмен ұстап тұрғандықтан бүркіт шұқып жем жегенде құлап-аунап кетпейді, әрі сабы бар болғандықтан қолыңды да тістеп алмайды.

Ал Шардара аудандық тарихи-өлкетану музейінің «қорында көненің көзі, тарихтың өзі» болып сақталған керамикалық саптыаяқтың сабы орналасатын түтігі сынған күйде табылған. Біздің өңірімізде археологиялық қазба жұмыстарын жүргізген белгілі археологтар А.Н.Бернштам мен В.Бартольд 1947жылдары, Е.И.Агеева мен Г.И.Пацевич 1958 жылдары, ОҚО археологиялық зерттеу жұмыстарын басқарған А.Н.Падушкин 1970 жылдары осы қазба-зерттеу жұмыстары нәтижесінде өмірге келген ғылыми әдебиеттерде керамикалық бұйымдардың өте мол қоры жайында толығырақ тоқталған. Солардың арасында үлкенді-кішілі көлемде саптыаяқтардың жасалу, қолдану аясы да кездеседі. Музейіміздегі саптыаяқтың көлемі – 5х8см. және ауыз қуысы көлемді. Күйдірілген. Жоғарыдан төмен қарай, табанына дейін 3см. көлемде сынып түскен. Саптайтын түтігінің сынып қалуына байланысты, қандай пішінде сапталғаннан кейін көрініс беретіні – қазіргі біздер үшін ішіне жасырынған сыры.

С.ОТАРОВ,
Шардара аудандық тарихи-өлкетану музейінің ғылыми қызметкері. Оңтүстік Қазақстан облысы

Нұрлыбек ЖҰБАТҚАН, ҚР Мәдениет қайраткері

БАС

Осыдан бес жыл бұрын Жазушылар Одағына өтуге құжат тапсырған едім. Соны білейін деп, Алматы қаласына бардым. Ойпырмай, қазір жазғыштар көп қой, менің кезегім бес жүз адамнан кейін барып келеді екен. Содан одақтағы көкелерім «келесіде қабылдауға әрекет жасап, тырысып көрерміз» дегесін, Ақтөбеге қарай қайта тарттым.

Ауылдан Алматыға шыққанда рахат қой, жегенің қазы-қарта, жал-жая, ішкенің шұбат. Былқылдап бабыңда барасың. Енді Алматыдан қайтарда жолға тамақ пісіріп беретін жеңгем жоқ. Ол жақта туысқандарым да тұрмайды. Дүкеннен екі жұмыртқа мен бір тоқаш алып пойызға отырдым. Еркекке ол азық бола ма? Таңертең Түркістан қаласына келіп тоқтадық. Сыртқа шықтым. Араның ұясы сияқты құжынаған адамдар. Палау, мәнті, қәртошкі не керектің бәрі бар. Бірақ, менің асқазаным «ет, ет» деп ұлып



тұр. Бір кезде бір келіншек арқамнан түртті.

-Ағай, бас аласыз ба?

-Кімнің басын?-деп шошып кеттім.

-Ойбай, неменеге қорқып кеттіңіз?

-Мен бас алатын жендет емеспін,-дедім.

-Ту, ағай, не қуып тұрсыз?

-Бас дегесін…

-Адамның басы емес, қойдың басы,-деді келіншек.

-Түркістанда ет комбинаты бар ма?

-Жоқ, оны неге сұрадыңыз?

-Енді бір емес, бірнеше басты пісіріп алыпсыз?

-А, жоға, садақаға сойылған қойлардың басы ғой,-деп қояды өзі.

Қасы қиылған өзбек тілдес, әдемі келіншек қойдың басын әп-сәтте қолтығыма қыстырып жіберіп, теңгемді шытырлатып санап алды. Басты құшақтап вагонға кірдім. Қасымда жолаушылап бір орыс әжей және ерлі-зайыпты әйел мен еркек бар. Өздері қазақ болғанымен қазақшылығы шамалы. Қалада өскен бе, сондай. Шөп-шаламды шайнап, соғып отыр. Ауылда өскен жігітпіз ғой, қолыма пышақ алып «бисмиллә» деп, бастың көзін ойып алдым да, шайнамай жұтып жібердім.

-Ойбай, ужас!- деп, әлгі қазақ әйелдің бөксесі бүлк ете қалды.

-Боже мой, сохрани меня!-деп, орыс әжей шоқына бастады.

-Қорықпаңыздар, бұл үйтілген қойдың басы,-дедім де, бір құлағын түбінен кесіп алып, қасымдағы әйелге бердім.

-Ағама құлақ болып жүріңіз,-дедім.

-Мұныңыз не? Бұл нағыз – жабайылық! –деп, еркегі дауыс көтерді.

-Шошымаңыздар, немене, бас мүжіп көрмедіңіздер ме?

-Біз қазақ болғанмен ет жемейміз, вегетарианбыз,-деді әйел шаңқылдап.

-Мне страшно! –деп, орыс әжей үркіп отыр. Көзәйнегінің астымен ұрланып қарап қояды. Содан екінші көзін тағы да пышақпен опырып ойып алдым да:

-Жеңгейге көз болып жүріңіз,-деп еркегіне беріп едім:

-Тоқтатыңыз, это- оскорбление!-деп әйелі айқайлап жіберді.

-Полиция, маньяк! Спасите, меня!-деп бақырды орыс кемпір. Әйел пен еркек орындарынан ұшып тұрып, жүгіріп вагон кезіп кетті. Ал, мен болсам түк болмағандай, бастың құйқасын пыщақпен сыпырып қылғытып жатырмын. Әжей бір бұрышта сескеніп басын шайқап отыр. Мені шынымен бір «адамжегіш» деп ойлап тұр. Қойдың тілін кесіп алып, қолына ұстатып едім, қария қорыққаннан орнына қисая кетті. Бір кезде қасына полиция қызметкерін ертіп әлгі екеуі жетіп келді.

-Міне, мынау маньяк! -дейді мені саусағымен көрсетіп.

Мен сол кезде қойдың миын шағып, жеп отыр едім.

-Кошмар, дикарь! - деп, әлгі әйел екі бетін шымшып қояр емес. Бас ұстаған адамды бірінші рет көргендей көзі ұясынан шығып кетіпті.

-Жолдас азамат, құжаттарыңызды көрсетіңіз,-деді полиция бірден іске кірісіп.

-Жәй ма?

-Не жеп отырсыз?

-Бас.

-Кімнің басы?

-Қойдың басы.

-Атаңның басы!..

-Атамның басын мүжіп не көріпті?

-Жоқ, атаңның басы, бұл қойдың басы емес деп тұрмын.

-Енді ненің басы деп тұрсыз?

-Ешкінің…

-Ешкінің басында мүйіз болады,-деп, мен дәлелдеп жатырмын.

-Басты қайдан алдыңыз?

-Түркістаннан сатып алдым.

-Жолдас азамат, пойызда қойдың басын жеуге болмайды.

-Кім айтты?

-Тәртіп солай, басты қонаққа барғанда, үйде жеу керек.

-Пойызда бас жеуге болмайды деген заң бар ма?- дедім.

-Бар, керек болса тауып береміз. Қысқасы, қойдың басын мүжуге болмайды,-деп, полиция қызметкері сенімді айтып тұр. Қазір заң күнде өзгереді ғой. Сендім. Ашуланып кеттім. «Немене, сонда халқына жаны ашымайтын басшылардың басын мүжі деп тұрсың ба?» - деп, қоямын ішімнен үндемей. Өзімше жынданып тұрған түрім ғой. Жұрттың бәрін аузымды жыбырлатпай іштей боқтаймын. Бірақ, ашуым тез басылып қалады. Айтпақшы, баяғыда ауылда сабақ білмейтін баласын шешесі «ұстап алсам басыңды мүжимін» деп тырқыратып қуатын еді ғой. Сол есіме түсіп кетті. Содан басты жырлап салғыласып тұрғанда пойыз Қызылорда қаласына келіп тоқтады.

-Жүріңіз, түсіңіз вагоннан! -деп, полиция қызметкері қолымнан тартты.

-Қайда барамын?

-Бөлімшеге барасыз!

-Сонда бас мүжігенім үшін барам ба?

-Сіз көпшілік жерде жиіркенішті қылық жасадыңыз,-деп қояды. Жеңнен тартса еріп жүре беретін халықпыз ғой, ұсынысына келістім.

-Олай болса, жарайды,- деп, басты ұстап жерге түстім. Қолымдағы қу басты көріп, халық аң-таң. Вагонның қасында аузы апандай бір келіншек сауда жасап, тақылдап тұр екен. Қойдың таңдайын жұлып алып, келіншектің алақанына ұрдым.

-Әнші немесе сөзге шешен болыңыз!- дедім.

-Рахмет, ағай! – деп таңдайды аузына тығып жіберді.

-Егер, Ақтөбеге қайтқыңыз келсе басты дереу қоқыс салатын жерге тастаңыз, сосын жолыңыз болсын!-деді полиция қызметкері.

-Жоқ, қойдың басын олай жерге лақтыруға болмайды,-деп, вокзалдың қасындағы сауда жасап тұрған дүңгіршектің төбесіне лақтырып жібердім.

-Мұныңыз не?-деді полиция.

-Бас –қазақтың

қасиетті тағамы. Малдың басын қадірлеу керек,- дедім.

Ол күліп басын шайқады. Мен пойызға мініп Ақтөбеге тарттым.

МЕНІ САСТЫРҒАН СҰРАҚТАР

Демалыс күні бес жасар ұлымды ертіп Ақтөбеде көшеге шықтым.

Әр нәрсені білуге құмар балақай сұрақтарды үсті-үстіне жаудырып келеді.

-Әке, мына жолдар неге тесіліп қалған?

-Балам, бұл енді үлкендерің шаруасы, жақында жөнге келтіреді.

-А, жарайды,-деді де, көшедегі ойылып қалған терең шұңқырды секіріп өтіп:

-Әке, мынау театр ма?

-Жоқ, айналайын, бұл облыстық прокуратура ғой.

-Неге театр емес? Теледидарда театрлар осындай әдемі болады емес пе?

Жүрші, әке, ішіне кіріп көрейікші.

-Жоқ, болмайды, бұл театр емес, айттым ғой прокуратура деп.

-Прокуратура деген не?

-Мұнда заң бұзушылықты қатаң қадағалайды.

-Ақтөбеде жаңа театр неге жоқ?-деп, төтесінен қойып қалды.

-Бұйырса болатын шығар, ол үшін миллиондаған қаражат керек,-дедім.

-Қаражат деген не?

-Ол көп ақша, бұл да үлкендердің шаруасы.

Ұлым үндемей қалды. Жаяулатып келеміз. Бір кезде ол тоқтай қалды.

-Әке, мынау мәдениет сарайы ма?

-Жоқ, мейрамхана ғой.

-Керемет үлкен екен. Оның ішінде не болады?

-Той болады, балам.

-Ақтөбеде неге мейрамхана көп?

-Балам, бұл да енді үлкендердің шаруасы,-дедім. Әйтпесе, тоқтамайды.

-Ымм…-деп, мұрнын шұқыды.

Өзі бар ғой не бір сұрақтарды тауып қояды. Аузы бұртиып қалды. Бірдеңені түсінгендей болды. Көшеде әлі жүріп келеміз.

-Әке, мына әдемі үлкен ғимарат мұражай ма?

-Қайдағы мұражай? Бұл қылмыс жасағандарды жауапқа тартатын мекеме.

-Қылмыс?..-деді де, тағы үнсіз қалды. Көзі жәудіреп тұр. Осы жолы көпке дейін сөйлемей тынышталып қалды. Бір кезде сұрақты тағы қойды.

-Әке, ал мынау кітапхана ма?

-Бұл Облыстық соттың ғимараты.

-Мұнда не болады?

-Мұнда бұзық болған адамдарды жауапқа тартады.

-Немене, бізде бұзақы көп пе?

-Енді солай шығар?-дедім. Не айтарымды білмедім. Баламның сұрағынан өзім қысыла бастадым.

-Әке, бұл да үлкендердің шаруасы ма?

-Иә, иә, балам…

Аялдамаға келіп автобусқа міндік. Ұлым көліктің терезесінен айналаға зер салып қарап келе жатыр. Тағы бір үлкен ғимаратты көріп қалды да, мені түртті:

-Әке, мынау мұражай ма?

-Жоқ, балам, бұл алпауыт мұнай өндіретін шет елдік компанияның ғимараты ғой. Егер, олар мұнайды өндіріп облыстың бюджетін қаражатпен толтырса қаламызда театр да, мұражай да, мәдениет сарайы да салынады,-десем, жүгірмегім ертелі жаяу жүргеннен шаршап қалғып кетіпті. Қойған сұрақтарына риза болып басынан иіскедім…



ТҮСІМДЕ ТОҢҚАЙЫП ЖАТЫРМЫН



Жердің жалға берілуіне моратория жарияланған күні, көршілерім кеш бата сау етіп үйге жетіп келді.

-Ал көрші, құтты болсын, жумаймыз ба?

-Нені?

-Жерді.

-Менде жер бар ма?

-Ту, өзің не деп қуып тұрсың? Жер жалға берілмейтін болды.

-Ааа, әй, сендерде жүз грамм ішуге сылтау тапқышсыңдар,-деп, бір бөтелкені ортаға қойдым. Біздің қатын сол жақсы жаңалықты теледидардан жаңа естіп мәз болып отыр еді. Мыналарды көріп қабағы тырысып қалды.

-Немене, жаңалық болса осында келіп жуасыңдар ма?-деді де, жатын бөлмесіне барып жатып қалды. Ол жер туралы әнгіме қозғалғаннан бері жүйкесі жыбырлап жүрген еді.

Содан көршілерім түн ортасына дейін, қуаныштарын тілек айтып жуды.

Бір-бірін құшақтап беттерінен сүйді. «Қазақтың жері үшін алып қояйық, алып қояйық» деп, ақыры бес бөтелкені тауысты. Олар кеткесін мен шала мас күйімде төсекке жете алмай ас бөлмеде, отырған жерімде құладым.

Көзім бірден ілініп, терең ұйқыға кеттім. Түс көріп жатырмын. Түсімде менің денемді Биттер жалға алыпты. Иә, кәдімгі Биттер. Бастың қара Биті шақшадай басымды жалға ала сала, қап-қара қалың шашымды ұстарамен сыпырып тастап, шылым жасайтын шөп егіпті. Балтырдағы сары Биттер мұрныма мұнай өндіретін қондырғы орнатып бұрғылап жатыр.

Қан соратын Биттің туыстары көп қой, жақын тумасы Қандала қарнымды жалға алып, сыра ашытатын зауыт салыпты. Ал, Бүрге құйрық жақтан тыңайтқыш өндіретін химиялық өнеркәсіп ашып қойыпты. Тойымсыз Маса қанымды арнайы түтікшемен сорып, бөшкелерге құйып жатыр.

Табанымды Тарақандар жалға алыпты. Көзіме көк шыбындар үймелепті. Әйтеуір, денімнің сау жері жоқ. Құрт-құмырсқа, шыбын-шіркей қаптап кеткен. Ал, мен болсам қол-аяғым байлаулы адамдай қозғалар емеспін. Төбемнен біреу қара таспен басып тұрғандай қимылдауға шамам жоқ, тоңқайып жатырмын.

Бір кезде Биттің баласы Сірке аузымды ашып қойып, қызыл тілімді қысқашпен суырайын деп жатыр. Ойбайлауға шама келмей, бар күшімді салып орнымнан ұшып тұрып, суға қарай жүгірдім. Қырдың басынан секіріп өзенге қойып кеттім. Құлаштап жүзіп жүрмін. Анда-санда үйрек құсап, судың түбіне сүңгіп кетемін. Денемдегі барлық қан сорғыштар суға тұншығып жан-жаққа тырқырай қашып, рахаттанып қалдым. Бір кезде біреу шапалақпен салып жіберді. Шошып оядым. Сүйтсем, өзенге секірдім деп, төсекте жатқан әйелімнің үстіне қарғып мініп, сүңгідім деп, көрпесіне кіріп кетіппін.

-Қайыршы, осы сен ішімдік ішіп алсаң ұйқы сұрайсың. Зәремді алдың ғой-деп, бажылдап жатыр. Өзенде қатты малтығаным сонша, әйелімнің іш көйлегіне оранып қалыппын.

-Қатын, түс көрдім.

-Қойшы, сенің түсің таусылмайды екен, өткенде Барсакелместің базарында сауда жасап жүрмін дедің, одан кейін түсіме қойдың құмалағы кірді дедің. Енді тағы не болды?

-Түсімде тоңқайып жатырмын. Менің дене-мүшемді жәндіктер жалға алыпты.

-Онда жетіскен екенсің. Сен ішіп алсаң жатысың сол ғой. Мен егер сол сенің түсіңде болсам құйрығыңнан жақсылып бір тебер едім,-деді, де төсектен итеріп жіберді.

-Жоқ, жақсы түс көрдім,-дедім де, қайтадан қор ете қалдым…

«КҮЙ - ТӘҢІРДІҢ КҮБІРІ»

Кеудеңе күй толтырып, жырлар жиып,
Табиғат берді өзіңе өнерді үйіп,
Қазағымның дарынды бір ұлы едің,

Өнерлес қатарыңнан тұрған биік - дегендей, қарапайым қара домбыраға тіл бітіріп, оны адамша сөйлете білген қазақтың аса дарынды домбырашы - күйшісі, әнші, мәдениет қайраткері, кәсіпқой музыка өнерінің өсіп, өркендеуіне сүбелі үлес қосқан, ірі тұлғалардың бірі – Қамбар Медетов.

Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 25 жылдығы аясында С.Бәйішев атындағы Ақтөбе облыстық әмбебап ғылыми кітапханасының өнер әдебиеттері бөлімінің қызметкерлері Қамбар Ерғожаұлы Медетовтың туғанына 115 жыл толуына орай «Күй - тәңірдің күбірі» атты әдеби-әуен кешін ұйымдастырды.

Кештің мақсаты - қазақ халқының күйшілік дәстүрі–өзіндік ерекшелігі бар, атадан балаға мұра болып қалған, ғасырлар бойы бірге жасасып келе жатқан өнер қазынасы. Оқырмандарды, жалпы өнер сүйер көпшілік қауымды өзінің дарынымен қазақ халқының дәстүрлі күй өнеріне үлкен үлесін қосқан, оның құдіретін дүниеге танытып, таралуына ғұмырын арнаған күйші Қ.Медетовтың өмірімен таныстырып, күйлерін насихаттау.

Әдеби - әуен кешіне өнер мамандары, мәдени қызметкерлер, А.Жұбанов атындағы музыкалық колледжі, Ақтөбе гуманитарлық колледжінің оқытушылары мен студенттері катысты.

Кештің құрметті қонақтары Қазақстан Республикасының Мәдениет қайраткері, кітапхана жанашыры Құрманбек Еркін Жолмырзаұлы және Облыстық тарихи - өлкетану музейінде ұзақ уақыт еңбек етіп, зейнеткерлікке шыққан Қамбар Медетовтың өмірі мен шығармашылығын зерттеуге бастама жасаған Мұқашева Шайзада Тлегенқызы Ақсақ құланды асқақтатқан күйші Қамбар Медетовтың өмірі мен шығармашылығы жайында «Әбілхайыр ханның үрім – бұтағы ұлы композитор Дәулеткерей, ғажайып әнші Мұхит секілді музыка тарихында аттары алтын әріппен жазылатын, өнерлі әулеттен шыққан Қамбар Медетов ХХ ғасырдың 30-шы жылдарындағы саяси репрессияның құрбаны болып, Қиыр Шығысқа айдалғаннан кейінгі көп жылдарда да оның еңбегі зерттелмеуі себебінен аса дарынды орындаушы, дәстүрлі халық музыкасының білгірі әрі талантты ұйымдастырушының аты мүлде ұмытыла бастағандай еді» - деп, күйшінің қиыншылыққа толы өмірі жайында толығырақ таныстырып, Қамбар Медетов сынды талантты адамдардан жастар үлгі – өнеге алса деген тілектерін білдірді.

Ақтөбе гуманитарлық колледжінің оқытушысы Искакова Жақсығүл Серікқызы «Қамбар Медетовтың музыкадағы рөлі» атты баяндамасында: «Қамбар Медетовтың басқаларға ұқсамайтын қасиеттері: жеті атасынан бері қазақтың халық аспаптарын жаңартып, қазіргі Құрманғазы атындағы оркестрдің өсіп, қалыптасуына сіңірген еңбегі, қазақтың музыкалық өнерінде күйшілік – ұстаздық қабілетімен ғана ерекшеленбей, ел арасынан дарынды күйшілерді табуымен ерекшеленеді. Қамбар тартатын күйлердегі қайталанбас қасиеттердің бірі - күй бойындағы қуатты сезімталдық пен жоғары мәнерлілік, әрбір қағыстың шегелене тартылып, күй желісіндегі кемерінен төгіле толастамайтын әсерлі қарқындылығында болса керек» - деді.

Қазақты қашаннан қазақ етіп келе жатқан қасиетті қос ішекті домбыра десек, аспандағы аққуды жерге қондырған, боз інгенді иітіп, боз жорғаны билеткен, келіншекке кеспе орнына бармақ кестірген, әз көзден жас ағызған, мылқауға тіл бітіріп, кереңнің құлағын ашқан – күйдің құдіреті.

Күйқұмар қазақы көкірек үшін қоңыр домбыраның үнінен артық әлемде саз болуы мүмкін емес. Күй - композитордың ішкі жан сырының айнасы десек, күй деген атының өзінде үлкен қуат, шабытты құдірет бар. Сол үшін де қазақ халқы күйшіні ерекше қадірлеп, домбырашыны «адамның жорғасы» деп ерекше атаған.

Кейде күй талмауған, талықсыған
Кейде өжет, кейде долы албыртсынған.
Кейде паң, кейде дарқан, кейде сергек,

Шаршы өрге, кейде шаншып, шауып тынған - деп, күй туралы ақын Ілияс Жансүгіров жырлағандай, күй табиғатын саналылардың ішіндегі санаулылар ғана түсініп, түйсіне алады. «Ақсақ құландай» желісті, шабысты, арпалысты трагедиялық туынды сан ғасыр сарынын жоймай келіп, өнер шежіресінде осы күйшіге телініп қалды. Сәйкестік пе, қатігез заманның құрбаны болған Қамбар Медетовтың өз тағдыры да кейде алас ұрған ақсақ құланға ұқсайтындай - деп, Қазанғаптанушы, күйші, мәдениет саласының үздігі Асылханов Жайлау Жаншаұлының орындауында «Ақсақ құлан», көрермендердің сұрауы бойынша «Көңіл толқыны» күйлерін және өзінің шәкірті А.Жұбанов атындағы музыкалық колледжінің студенті Балғабаев Ерсұлтанмен бірге күй айтысын күмбірлете тартып, кеш қонақтарының, оқырмандардың көңілінен шықты.

Ісі өлмес жақсының өзі өлсе де,
Айтылады мыңдаған жыл өтсе де,
Шежіренің төрінен орын беріп,
Халқы мәңгі сақтайды жүрегінде! – деген тілектерімен Қамбар Медетовтың рухына арналған өлеңдерді кітапхананың жас маманы Назерке Каликова, Ақтөбе гуманитарлық колледжінің студенттері Айдос Тәңірберген, Салтанат Жұбатқан мәнерлеп оқып берді.

Разы болып, аунасын ел атасы,
Мерейтойын қолдасын ел батасы,
Өміріне, өнеріне иіліп бас,

Болашаққа бастасын күй жотасы! - деп, бүгінгі өзінің дарынымен қазақ халқының дәстүрлі күй өнеріне үлкен үлесін қосқан, оның құдіретін дүниеге танытып, таралуына ғұмырын арнаған күйші Қамбар Медетовтың шығармашылығына арналған кешті қорытындылау мақсатында сөз сөйлеген кітапхана директоры Жұмағұл Несібелі Сағымбайқызы қонақтарға ризашылығын білдіріп, алғыс айтты.

Ақерке САҒИДОЛЛАҚЫЗЫ
С.Бәйішев атындағы Ақтөбе облыстық әмбебап ғылыми кітапханасының

Әдебиет – ардың ісі
Үш қоңыр
РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ӘДЕБИЕТ, МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ ӨНЕР ГАЗЕТІ

Жеңіс
№19 (281) 13 мамыр 2016 жыл

ЕЛБАСЫНЫҢ ҮМІТІН АҚТАҒАН МӘРИЯ

Мемлекет басшысы әйгілі «Травиата» операсын көріп, бір кезде өзі жолын ашып, батасын берген таланты да танымал әнші Мария Мудряктың өнерін тамашалады. Бұл туралы Ақорданың баспасөз қызметі хабарлайды. Бес жасында әлемнің ең жас опера әншісі ретінде Гиннестің рекордтар кітабына енген павлодарлық Мария Мудряк Президентпен тұңғыш рет 2001 жылғы 24 тамызда Нұрсұлтан Назарбаевтың Павлодар өңіріне кезекті сапары аясында өткен шарада кездескен еді.

Балғын әнші Мемлекет басшысы алдында «Жаңбыр», «Көңілді жел» атты екі әнді тамылжыта шырқап берді. Риза болған Елбасы жанына шақырғанда ол Президентке сыртында «Планетадағы ең кішкентай әнші – Маша» деп жазылған дискісін сыйлайды. «Қолымды қысып тұрып жылы лебіз білдірген Нұрсұлтан Әбішұлы: «Ән айтқанды жақсы көресің бе, әлде қуыршақпен ойнағанды ма?», – деп сұрады. «Әрине, ән салған ұнайды», – дегенім есімде. Ол кісі күліп, егер жақсы оқысаң, мен сені үлкен оқуға түсіремін. Танымал әнші боласың дегенде қуанышымда шек болмады. Естелік ретінде маған қол сағатын сыйға тартты. Қазір ол сыйлық Г.Потанин атындағы қалалық өлкетану музейінде тұр. Ал арада үш жыл өткен соң Нұрсұлтан Әбішұлы уәдесін орындап, мені өзім де ойламаған шыңдарға бағыттап жіберді», – дейді балалық шағының ерекше сәтін сағынышпен еске алған Маша. Әлемде сирек кездесетін, ең жоғарғы әйел даусы саналатын драмалық сопрано иесі Маша Мудряк Елбасының қолдауы мен тікелей көмегі арқасында 10 жасында «Болашақ» бағдарламасы бойынша Миландағы (Италия) Жоғары музыка академиясының ең жас студенті атанды. «Маша ерекше қамқорлық көрсетіп, өз қызындай аялаған Нұрсұлтан Әбішұлына өнердегі жетістіктері туралы есеп беріп тұрады», – дейді әкесі. Президент оны үнемі елде өтетін маңызды концерттерден қалдырмай, шақыртып жүреді. Амстердамдағы байқауға қатысқанда да жеңіске жетуіне тілектестігін білдірді. Кейін Еуропаның атақты сахналары мен конкурстарында Қазақстанның атын шығарудан жалықпау керектігін тапсырды. Уақыты жеткенде елге оралып,

«Астана Опера» театрынан көргісі келетінін де айтыпты. Нұрсұлтан Әбішұлының айтқаны арада он шақты жыл өткен соң айдай ақиқатқа айналды. Бүгінде Мария Мудряк – «Астана Операның» жетекші солисінің бірі, әлемге Ла Скала театрының үлкен сахнасында итальян операсының талғампаз тыңдармандарын тәнті еткен ол 2013 жылы өткен опера әншілерінің «Бельведер» халықаралық конкурсы қорытындысы бойынша әлемдегі ең үздік опера әншілерінің ондығы қатарына енді. Елбасы үмітін ақтап, ел мақтаны болды деген осы емес пе?!

Соңы. Басы 1-бетте

ТӘУЕЛСІЗ ҚАЗАҚСТАННЫҢ МЕРЕЙЛІ МЕЙРАМЫ

Бейбіт Атамқұлов соғыс ардагерлері мен тыл еңбеккерлерімен бірге жазғы алаңда ұйымдастырылған мерекелік қойылымдарды тамашалап, жауынгер ботқасынан ауыз тиіп, бірге ән салып, би биледі.

Ия, Ұлы Жеңіске қол жеткізген күннен бері 71 жыл өтіпті. Бірақ, сол сұрапыл соғыс пен елдің ерлігі әлі күнге халық жадында сақталып қалады. Ол үшін Тәуелсіз еліміздің бүгінгі азаматтары ел қорғаған ерлерінің өмірін өнеге тұтып, есімдерін ардақтауы қажет.

Бұдан алты жыл бұрын Жеңіс күнінде Шымқалада Даңқ мемориалының ашылуы Оңтүстік Қазақстан облысының ардагерлері үшін үлкен сыйлық болды. Жалпы аумағы 2 гектарды алып жатқан бұл кешенді ТМД аумағындағы ірі ескерткіштердің қатарына жатқызуға болады. Мәңгілік отты айнала қоршаған қорғандағы ақтайшаларда Оңтүстік Қазақстаннан майданға аттанған 140 мыңнан астам жауынгердің есімдері жазылған. Соғысқа қатысқандардың тізімін толықтыруға қажетті мәлімет тірнектеп жиналғаны көрініп тұр.

Иә, «Ешкім де, ештеңе де ұмытылмайды» деген қанатты сөз көңіліміздің өшпейтіні ақиқат. Сондықтан да тасқа басылған тарих парақтарында жазылып қалған қастерлі мейрамның мән-мағынасы уақыт алға озған

сайын артып келеді.

Бұл күні бірнеше ардагерге мемлекеттік наградалар тапсырылып, жасыл саябақтың алаңқайында соғыс кезіндегі көріністер қаз-қалпында бейнеленді. Берлинге оқ жаудырған зеңбірек пен зениттік қондырғылар,

әскери блиндаж. Тіпті 1945-ші жылы Берлинге жасалатын шешуші шабуыл жоспарының картасын да осы жерден көруге болады. Майдан шебінде жүріп, ертең соғысқа аттанатын өрімдей қыз-жігіттер бейбіт күндегідей ән салып, соғыс кезіндегі сағынышты саздарды еске түсірді. Омырауы орденьге толы ардагерлермен бірге әкім де дөңгелеп билеп кетті.

«ЖАРҚЫН БОЛАШАҚ» – ТІЛ ЖӘНЕ МӘДЕНИЕТ ФЕСТИВАЛІ



Елордада алғаш рет «Жарқын болашақ» тіл және мәдениет фестивалі өтті. Тәуелсіздігіміздің 25 жылдығына арналған халықаралық шараға әлемнің 25 елінен дарынды оқушылар қатысты.

Өрендер өнерлерін ортаға салып, мерейлі мерекеге тарту жасады. Сенегалдық оқушы Елбасы сөзін жазған «Үшқоңыр» әнін орындады. Сондай-ақ дарынды бүлдіршіндер өз елінің әдет-ғұрпынан, салт-дәстүрінен сыр шертетін әндер айтып, биден шашу шашты. Айта кеткен жөн, «Жарқын болашақ» республикалық қазақ тілі олимпиадасы 2008 жылдан бері өткізіліп келеді. Онда 7-11-сынып аралығында оқитын оқушылар 5 аталым бойынша сынға түседі. Биылғы байқауға алғаш рет Қырғызстан, Моңғолия мен Алтай өңірінің оқушылары қатысуға ниет білдірген.

«Халықаралық тіл және мәдениет фестивалі ұйымымен бірігіп өтіп жатыр. Өткен жылы қызылордалық қазақ қызы Америкада өткен байқауда бірінші орын алды. Сол фестивалдің жеңімпаздарын Тәуелсіздігіміздің 25 жылдығына орай Астанаға шақырып отырмыз. Әр мемлекеттен келген оқушы өз тілінде өз мәдениеттерін таныстырады», – дейді KATEV халықаралық қоғамдық қорының президенті Дархан Өте.

«ЖАЛҒЫЗ ДА КӨП» – ЕРЕКШЕ КӨРМЕ

Қазақстан Республикасы Ұлттық музейінде Асхат Ахмедияровтың «Жалғыз да көп» көрмесі ашылды.

Көрменің салтанатты ашылуында сөз алған Ұлттық музей директоры Дархан Мыңбай Асхат Ахмедияровтың туындыларының ерекшелігіне тоқталып өтіп, оның өнеріне шығармашылық табыстар тіледі.

- Асхат Ахмедияровты көркем сурет, фотосурет, видео, инсталляция және перформанс салаларында жұмыстанып жүрген танымал суретші ретінде білеміз. Оның туындылары біздің елімізде де, шет елдерде де жоғары бағаланып жүр. Себебі оның жұмыстарының өзіндік бояуы бар, өзіндік стилі қалыптасқан. Тиісінше сұраныс та жоқ емес. Автордың мән-мазмұны терең көрмесінің Ұлттық музейде өтуі еліміздің күллі көркемдік әлеміндегі маңызды кезеңі болмақ деп ойлаймын. Сондықтан да Асхатқа шығармашылық табыстар тілей отырып, өнердің биік шыңдарын бағындыруына тілектеспін, - деді Д.Мыңбай.

Асхат Ахмедияров өзінің авторлық көрмесі туралы айта келе, осыған дейін оның талантына қолдау көрсетіп келген өнер жанашырларына алғыс білдірді.

- Ұсынып отырған жұмыстарымның көпшілігін осы көрмеге арнайы дайындадым. Әлбетте, өнердің жолы оңай емес. Осы уақытқа дейін көптеген сындардан өтіп, өмірімнің ең қиын сәттерін артта қалдырдым деп ойлаймын. Десе де мен қайта өнер жолын таңдадым. Белгілі бір деңгейге жету үшін көп еңбектену қажет болды,- деді А.Ахмедияров.

«Жалғыз да көп» көрмесі 2016 жылғы 17 маусымға дейін жұмыс істейді.

Үш қоңыр
РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ӘДЕБИЕТ, МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ ӨНЕР ГАЗЕТІ

Директор-Бас редактор
Болат БАТЫР
Bolatbatyr@mail.ru

Директордың бірінші орынбасары
Арман МАҚСҰТОВ

Бөлім редакторлары:
Әдебиет пен қоғам – Адайбек БЕЙІМБЕТОВ
Мәдениет – Гүлжанат ШОНАБАЙ
Өнер – Жанарбек БЕРІСТЕН
Дін – Ағабек ҚОНАРБАЙҰЛЫ
Ғылым – Бейбіт ҚОЙШЫБАЕВ
Сатира – Нұрлыбек ЖҰБАТҚАН

Меншікті тілшілер:
Қажет АНДАС (Алматы облысы)
Темірбек Мұхтаров (Атырау облысы)
Байқал БАЙӘДІЛОВ (Ақмола облысы)
Алтай АЙЫП (Қызылорда облысы)
Нұржан СЕРІКХАНҰЛЫ (Жамбыл облысы)
Ақмарал Әбдіқалық (Ақтөбе облысы)

Халықаралық тілшілер:
Жүсіп ХЕСИМОВ (Түркіменстан)
Әлімжан ӘШІМҰЛЫ (Қытай Халық Республикасы)
Ақшағүл ТӨЛЕГЕНОВА (Өзбекстан Республикасы)

Аймақтағы өкілдер:
Pikasso (Мәскеу)
Аққали АХМЕТ (Атырау облысы)
Әбілсейіт МҰХТАР (БҚО)
Өркен ИСМАИЛ (Қызылорда облысы)

Жауапты хатшы – **Манас ҚАЙЫРТАЙҰЛЫ**
Корректор – Шолпан СЕРІККЫЗЫ

● Газет Қазақстан Республикасы Байланыс және ақпарат министрлігінің Ақпарат және мұрағат комитетінде 29 тамыз 2012 жылы тіркеуден өтіп, №12994-Г куәлігі берілді.
● ***(Алғашқы есепке қою кезіндегі нөмірі мен мерзімі №10414-Г,10.10.2009 ж.)***
● «Үш қоңыр» газетінде жарияланған материалдарды көшіріп немесе өңдеп басу үшін редакцияның жазбаша рұқсаты алынып, газетке сілтеме жасалуы міндетті.
● Газеттің терілуі мен бет қатталуы «Үш қоңыр» қоғамдық қорының компьютер орталығында жасалып, Алматы қаласы, Ш.Қалдаяқов көшесі, 17-үй «Дәуір» ЖШС баспаханасында басылды.
● Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді.
● Суреттердің сапасына редакция жауап береді.
● Жарнама мәтініне жарнама беруші жауапты.
● «Үш қоңыр» газетінің жазылу индексі: 64311
● Газет аптасына бір рет, жұма күні шығады.

Мекен-жайымыз:
050009, Алматы қаласы, Абай даңғылы, 143
Редакция телефондары:
8(727)972-75-55,
+7 701 981 81 22
Тапсырыс 281
Таралымы 14000 дана
Офсеттік басылым,
Көлемі – 2 баспа табақ

e-mail:
ushkonyr_gazeti@mail.ru